



## ALATAU CITY ЖОБАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Мемлекет басшысы Asia Infrastructure Solutions Singapore компаниясының төрағасы Вонг Хэн Файнды қабылдады.

Кездесуде Alatau City жобасын жүзеге асыру перспективасы талқыланды.

Атап айтқанда, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Вонг Хэн Файн шетелдің инвестициясын, технологиясын және білім әлеуетін тарта отырып, Алатау қаласын тиімді дамыту жөнінде егжей-тегжейлі пікір алмасты.

Президент сингапурлық Surbana Jurong компаниясымен бірлесе дайындал-

ған Алатау қаласының Бас жоспары биыл мамыр айында қабылданғанын айтты.

Мемлекет басшысы осы тектес жобаларды жүзеге асыруда Вонг Хэн Файнның мол тәжірибесі бар екенін атап өтті. Сондықтан оның бас консультант ретінде берген ұсынымдары халықаралық бизнес-хабқа айналуы көздейтін жаңа қаланы жобалау және салу ісінде нақты нәтижеге ұласатынына сенім білдірді.

## 221 ЖАҢА МЕКТЕП ЕЛ ИГІЛІГІНЕ БЕРІЛЕДІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевты қабылдады.

Мемлекет басшысына еліміздегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру салаларын дамыту мақсатында қабылданып жатқан шаралар жөнінде мәлімет берілді.

Ғани Бейсембаев Президентке бытыр 137 мың оқушыға арналған 154 жаңа мектеп ашылғанын баяндады. Бұл 29 ұшауысымды, 12 апатты мектептің мәселесін шешкен. Жаңа оқу жылында 365 мың оқушыға есептелген 221 білім ошағын пайдалануға беру жоспарланып отыр. Мектептерді пәндік кабинеттермен жабдықтау көрсеткіші 2 есе артып, интернеттің сапасы жақсарған.

Оқу-ағарту министрі тәрбие жұмыстары басым бағыттардың бірі болып қала беретінін айтты. «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» жалпыұлттық құнды-

лықтарына негізделген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қолға алынды.

Мемлекет басшысына орта білім сапасын арттыру туралы айтылды. Мектеп оқулықтары толықтай цифрлық форматқа көшірілген. Қазақстан атынан халықаралық олимпиадаларға қатысқан әрбір екінші оқушы жүлделі орындарға ие болып жүр. Бытыр ел оқушылары 58 алтын медаль жеңіп алған.

Президентке техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін трансформациялау, инклюзивті және арнайы оқытуды дамыту жөніндегі жобалар таныстырылды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Оқу-ағарту министріне саланы одан әрі жетілдіру және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бірқатар тапсырма берді.

## САЛЫҚТЫҢ ХАНТАЛАПАЙЫ ҚАЗЫНАНЫ БАЙЫТА МА?

Бытыр елімізде жергілікті бюджет кірістері 109,2%-ға артық жиналды. Жоспар жарты триллионнан көп теңгеге асыра орындалған. Ал республикалық бюджет кірістері небәрі 99,4%-ға орындалды және салық түсімдері 1,4 триллион теңгеге аз түсті. Осыған орай бір топ депутат ұсағымен шектелмей, енді ірі салықтарды да өңірлерге беру бастамасын көтерді. Бұған Үкімет басшысы қарсы, неге?



Биылғы Жолдауында Президент Қ.Тоқаев салық мәселесіне ерекше мән берді. Журналистер Мемлекет басшысының «салық» деген сөзді тура 25 рет айтқанын есептеді. Орталық жинайтын салықтардың кемуі кесірінен бюджет тапшылығы бұрын-сонды болмаған рекорд орнатты. Сондықтан Қасым-Жомарт Кемелұлы Үкіметке бюджет тапшылығының орнын толтыратын қаржы көзін табу үшін тиімді компенсациялық тәсілдер ойластыруды тапсырды.

(Жалғасы 5-бетте)

## ЖАМБЫЛДЫҚТАР АЭС ҚҰРЫЛЫСЫНА ЖОҒАРЫ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТАНЫТУДА

Кеше АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штаб мүшелері атом энергетикасының перспективасы мен мемлекет үшін пайдасын тұрғындармен бірге талқылау үшін Жамбыл облысына келді.

(Жалғасы 3-бетте)



### • БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

«ТАР ЖОЛ, ТАЙҒАҚ КЕШУДІ»  
ТҮПНҰСҚАДАН ОҚИЫҚ



→ 12

ДҮБІРЛІ ДОДАДА  
ДЕС БЕРМЕДІК



→ 16



14 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

## ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ ТҮСЕДІ



Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған Қазақстан Парламентінің делегациясы Орталық Азия мемлекеттерінің II Парламентаралық форумына қатысты. Іс-шара «Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы Орталық Азия Парламенті мен өкілді билік органдарының рөлі» тақырыбына арналды. Сондай-ақ палата Спикері Орталық Азия елдері Парламенті палаталарының басшыларымен екіжақты кездесулер өткізіп, өңірдегі ынтымақтастықты нығайтуға қатысты өзекті мәселелерді талқылады.

Мәулен Әшімбаев Форумға қатысушыларға ілтипат білдіріп, өңірдің жалпы күн тәртібін талқылау, ортақ мақсаттар мен міндеттерді айқындау және оған бірлесіп қол жеткізу бағытында мұндай алаңның маңызы зор екенін атап өтті.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бауырлас елдеріміз арасында тиімді диалогты дамытуға және сындарлы өзара байланысты арттыруға үнемі баса мән беріп келеді. Бүгінгі кездесу бүкіл өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында парламенттік дипломатияның әлеуетін пайдалана отырып, өзара диалогты нығайтуға ықпал ететіні анық. Былтыр ақпан айында Түркістанда өткен алғашқы Форумнан кейін біз ынтымақтастығымызды арттыру ісінде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткіздік. Түркістан декларациясы парламентаралық байланыстарды нығайтудың берік негізін қалап, өзара қарым-қатынасымызды одан әрі дамытудың негізгі бағыттарын айқындап берді. Соның аясында біз екіжақты сапарларды жандандырып, өңірдегі көпжақты өзара іс-қимылдың жаңа тетіктерін іске қостық. Хиуадағы бүгінгі Форум да парламентаралық ынтымақтастықты нығайтуға тың серпін береді деп сенемін», — деді Сенат Төрағасы.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев қазір жаңа сындарлы бірлесіп әсерсудің маңызды екеніне назар аударды. Нақты айтқанда, ол кездесуге қатысушыларды өңірдің экономикалық өсуі, Орнықты даму мақсаттарын іске асыру және адам капиталын дамыту жолында күш жұмылдыруға шақырды. Палата Төрағасы өңірді дамытудың маңызына да назар аударып, жергілікті өкілді

органдар деңгейінде, сондай-ақ цифрландыру және жасанды интеллект саласында ынтымақтастықты кеңейту қажет екенін атап өтті.

«Дамудың интеграцияланған моделін қалыптастыру — баршамыз үшін ортақ міндет. Бұл жолдағы басты мақсатымыз Орталық Азия тұрғындарының өмір сүру деңгейін арттыру екені сөзсіз. Осыған байланысты бірлескен жұмысымызды бірнеше бағытта жалғастырудың маңызы зор деп есептеймін. Бірінші — экономикалық даму және ынтымақтастық. Ортақ экономикалық кеңістікті дамыту, сауда-саттықты кеңейту және өнеркәсіп кооперациясын күшейту үшін құқықтық база қалыптастыру ісін жалғастырудың берері мол. Екінші — Біріккен Ұлттар Ұйымының орнықты даму мақсаттарын іске асыру. Су ресурстарын тиімді пайдалану — өңірдегі барлық ел үшін өзекті мәселе. Бұл ретте біз гидроэнергетикалық нысандарды бірлесіп салу және су-энергетикалық консорциумын құру жөніндегі бастамаларды қолдаймыз. Үшінші — адам капиталын дамыту. Аталған бағыт — мемлекеттеріміздің басшылары мақұлдаған Өңірлік ынтымақтастықты дамыту жөніндегі Жол картасында айқындалған басым міндеттердің бірі. Төртінші — жергілікті өкілді органдар деңгейінде өзара іс-қимылды кеңейту. Бесінші — цифрландыру және жасанды интеллектті дамыту саласындағы ынтымақтастықты арттыру», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ Форумның ашылуында Өзбекстан Олий Мәжілісі Сенатының Төрағасы Танзила Нарбаева, Қырғызстан Жогорку Кенешінің Төрағасы Нұрланбек Шакиев, Тәжікстан Маджлиси намояндагон Маджлиси Оли Төрағасы Махмәд-

тоир Зокирзода, Түрікменстан Меджлисі Экономикалық мәселелер жөніндегі комитетінің Төрағасы Гуванчмырат Агаев және БҰҰ Бас хатшысының Орталық Азия бойынша арнайы өкілі Каха Имнадзе сөз сөйледі.

Іс-шара аясында түрлі тақырыпқа арналған панельдік сессиялар да өтті. Онда қатысушылар парламентаралық комиссиялар мен достық топтарының қызметін одан әрі жандандыру, өңірлерді дамыту бағдарламаларының іске асырылуын бақылау мақсатымен жергілікті жерлерде өкілді билік органдарының өзара іс-қимылын кеңейту және негізгі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге Парламенттердегі әйел депутаттар мен жастардың қатысуын арттыру мәселелерін талқылады. Панельдік сессияларға Қазақстан Парламенті Сенаты Төрағасының орынбасары Жакып Асанов, Сенат депутаты Әлі Бектаев, Дархан Қыдырәлі, Айгүл Қапбарова, Әлішер Сатвалдиев, Мәжіліс депутаты Айна Мысырәлімова және Ақтөбе облыстық мәслихатының төрағасы Гүлқасима Сүйінтаева қатысты. Сондай-ақ Форум кезінде Орталық Азия елдері Парламенттері аппараттары басшыларының бірінші отырысы өтті. Оған еліміздің атынан Қазақстан Парламенті Сенаты аппаратының басшысы Максим Споткай қатысты.

Мәулен Әшімбаев Форум алаңында Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Сенатының Төрағасы Танзила Нарбаевамен кездесті. Сұхбат кезінде парламентаралық ынтымақтастықты кеңейту, өнеркәсіп, транзиттік-көлік инфрақұрылымы, сауда және энергетика саласындағы кооперациялық байланыстарды дамыту мәселелері талқыланды. Тараптар әлемде қалыптасқан кәсіргі ахуал мен жаңа сындарлы ескере отырып, екі мемлекеттің су-энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы кешенді өзара іс-қимыл мәселелеріне де тоқталды.

Сонымен бірге Мәулен Әшімбаев Қырғызстан Жогорку Кенешінің Төрағасы Нұрланбек Шакиевпен кездесті. Онда ортақ өзекті мәселелерге мән берілді. Атап айтқанда, цифрландыруды, инвестициялық ынтымақтастықты, су-энергетика саласындағы және халықаралық ұйымдар аясындағы өзара іс-қимылды дамыту туралы сөз болды.

Өз кезегінде бауырлас елдер Парламенттері палаталарының басшылары Қазақстанмен ынтымақтастық динамикасын жоғары бағалады. Олар Орталық Азия елдері Парламенттері депутаттарының бірлескен сындарлы жұмыс стратегиялық өзара іс-қимылды нығайтуға оң ықпалын тигізетініне сенім білдірді.



## ЕЛІМІЗДІҢ ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда сенаторлар Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің Үкіметтері арасында оңайлатылған кеден дәлізін құру туралы келісімді қарады және өздерінің депутаттық сауалдарын жолдады.

«Түркі мемлекеттері ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы оңайлатылған кеден дәлізін құру туралы келісімді ратификациялау туралы» заң кедендік операциялар процесін жеделдетуге және тиісті рәсімдер құжаттарының санын қысқартуға арналған. Сондай-ақ құжат сауда-экономикалық қатынастарды дамытуға және Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер арасындағы өзара экономикалық интеграцияны нығайтуға ықпал етпек.

«Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында еліміздің транзиттік әлеуетін арттыру мәселесіне ерекше тоқталып, нақты тапсырмалар берген болатын. Бұл — тәуелсіз мемлекетіміздің алдында тұрған стратегиялық маңызы бар міндеттердің бірі. Бүгін қаралған заң осы мақсатқа қол жеткізуді көздейді. Келісім Түркі мемлекеттері ұйымына мүше мемлекеттер арасында жеңілдетілген кедендік бақылау орнату үшін құқықтық негіз қалыптастырады. Мақұлданған заң жүктерді тасымалдау көлемін арттырып, тараптар арасында сауда-экономикалық белсенділіктің өсуіне оң әсерін тигізеді деп сенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар палата отырысында сенаторлар депутаттық сауалдарын жолдады.

Нұрлан Бекназаров сот сарапшыларының әлеуметтік мәртебесін көтеру туралы ұсыныс жасап, осы саладағы кадрлар тапшылығына қатысты проблема-

ларға тоқталды. Сондай-ақ ол сот сараптамасы орталықтарының материалдық-техникалық базасын жақсарту қажет екенін атап өтті.

Нұрторе Жүсіп елімізде демографиялық саясат саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның болмауына алаңдаушылық білдірді. Сенатордың айтуынша, осыған байланысты халықтың картаюы, бақыланбайтын урбанизация және көші-қон сияқты демографиялық сын-қатерлерді еңсеру жолындағы жұмыстар уақытылы жүргізілмей келеді.

Андрей Лукин Үкіметті әскери қызметшілерге арналған әлеуметтік жеңілдіктерді қайтаруға және олардың мәртебесін көтеруге шақырды. Ол үшін «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынды.

Сүйіндік Алдашев цифрландыру саласындағы мемлекеттік бағдарламалар мен ұлттық жобалардың тиімсіздігіне назар аударды. Депутат цифрландыру бойынша жаңа бағдарламаларды іске асыру кезінде бұрын жіберілген қателіктерді талдап, одан сабақ алу керек екенін айтты.

Сергей Карплюк Ақмола облысындағы нәтижесіз бастамаларды назарға алып, елімізде туристік саланың инвестициялық тартымдылығы төмен екенін айтты. Осыған байланысты ол заңнамалық өзгерістер ұсынып, мәселені шешу жолдарын атап көрсетті.



## БАҒДАР

14 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

# ЖАМБЫЛДЫҚТАР АЭС ҚҰРЫЛЫСЫНА

## ЖОҒАРЫ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТАНЫТУДА

(Басы 1-бетте)

Таразда Халықтық штаб мүшелері өңірдегі педагогтер қауымымен кездесті. Іс-шараға 350-ден астам адам қатысты. Штаб мүшелері Мемлекет басшысы мұғалімдер мен білім беру саласына айрықша көңіл бөлетінін атап өтті. «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданды, мұғалімдердің жалақысы мен әлеуметтік қамсыздандырылуы едәуір өсті, білім беру саласындағы инфрақұрылым мәселелері жүйелі түрде шешілуде, ел аумағында «Жайлы мектептер» салынууда. Сондықтан ұстаздар қауымының біздің қоғам үшін өте өзекті АЭС тақырыбы туралы толық ақпарат алып, бейбіт атомның барлық артықшылығын түсінуі, толғандырған сұрақ-сауалдарға жауап алуы – аса маңызды.

Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов атап өткендей, атом электр стансасы – елімізге энергетикалық тұрғыда тәуелсіздік алуға мүмкіндік беретін болашақтың жобасы. Сондықтан болашағы жарқын, бақуатты елге айналғымыз келсе, баламасы жоқ АЭС салу мүмкіндігін өткізіп алмауымыз керек.

«Референдумға дейін бір айға жетер-жетпес уақыт қалды. Осы жерде облыстың үздік ұстаздары бас қосып отыр. Сіздердің беделдеріңіз биік, сөздеріңіз өтімді. Президент реформалары мен бастамаларын үнемі қолдап келесіздер. Ел болашағына қатысты тағдыршешті сәтте әрдайым алдыңғы шептен табыласыздар. Осы жолы да дұрыс таңдау жасау үшін тізе қоса жұмыс істейміз деп сенемін. Баршаңызды мемлекеттің болашағы үшін, балаларымыздың келешегі үшін АЭС салу жөніндегі бастаманы бірауыздан қолдауға шақырамын!» – деді ол педагогтерге қарата айтқан сөзінде.



Сондай-ақ «AMANAT» партиясының Төрағасы жуырда Үкімет атом энергетикасы саласында кадр даярлау жөнінде салалық бағдарлама қабылдайтынын айтты. Атап айтқанда, алдағы үш жылда «Болашақ» бағдарламасы бойынша үздік әлемдік жоғары оқу орындарына дәл осы салаға қатысты гранттар беріледі, уран өнеркәсібі мамандары үшін тағылымдама және қайта даярлау бағдарламалары енгізіледі. Бұл қадам құрылыс жұмысы аяқталған кезде 3 мыңнан астам жоғары білікті маман даярлауға мүмкіндік береді. Сондықтан мұғалімдер оқушылардың



Әмір ҒАЛЫМ (фото)

нақты ғылымдарды игеруге деген қызығушылығын арттырып, болашақ мамандықтарын таңдауға атсалысуы маңызды.

Бұдан соң жиналған көпшілік алдында штаб мүшелері сөз сөйледі. Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев әлемдегі атом энергетикасын дамыту трендтері, ядролық тақырыпқа қатысты қазақстандық ғылыми әзірлемелер туралы айтып, еліміз АЭС салуға дайын екенін атап өтті. Мәжіліс депутаты Мұқаш Ескендіров ел экономикасын одан әрі дамыту үшін энергетикалық проблемаларды барынша тез шешудің маңызына егжей-тегжейлі тоқталды. Ал Ядролық физика институтының директоры Саябек Сахиев қазіргі заманғы үшінші буын ядролық реакторлардың қауіпсіздігі, сенімділігі, экологиялық тазалығы және тиімділігі туралы хабардар етті.

Халықтық штаб мүшелері жергілікті теміржол қызметкерлерімен де кездесті. Олар Мемлекет басшысы өз Жолдауында көлік-логистика саласын дамытуға ерекше

қажеттілігін атап өтті. Бұған жол беруге болмайды. Жедел шешімін табу қажет. АЭС құрылысы осы мәселелердің шешімін тауып, отандық теміржолдың қолжетімді тарифтер бойынша сенімді электр энергиясына деген қажеттілігін жабады.



Штаб мүшелері өңір күн және жел электр стансалары бойынша елде жетекші орынға ие екеніне қарамастан, олар тұрақты қуат бере алмайтынын атап өтті. АЭС қауіпсіздігі туралы айта отырып, Парламент ядролық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласына қа-

тысты жеке заң қабылдайтыны ерекше атап өтілді. Бұл құжат АЭС-ты жобалау, салу және пайдаланудың қатаң қауіпсіздік стандарттарын қамтиды.

Осы күні АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штаб мүшелері Меркі ауылының тұрғындарымен – қаржылық сауаттылықты арттыруға арналған «Қарызсыз қоғам» және «Ауыл аманаты» жобаларының қатысушыларымен кездесті. Іс-шара «Агросауат» оқу орталығы алаңында өтті. Бұл орталықта егіншілік, құс және мал шаруашылығы негіздері ақысыз оқытылады.

Осылайша, аталған бағдарламаларға қатысушы ауыл тұрғындары бизнес ашу, жылыжай салу, мал сатып алу және шаруа қожалығын дамыту үшін жеңілдікпен берілетін несиені алады. Алайда сенімді электр энергия болмаса, бұл жобалар жүйелі жүзеге аса алмайды. Осыған байланысты, ауыл тұрғындары АЭС құрылысына қолдау білдіріп, бұл жобаның елдегі агроөнеркәсіптік кешенді одан әрі дамытуда стратегиялық маңызы бар деп санайды.

Жалпы, Халықтық штабтың барлық кездесулерінде өңір тұрғындары АЭС салуға жоғары қызығушылық танытып,

алдағы референдумға қатысуға дайын екенін жеткізді.

Дайындаған: «Nur Media».  
Тапсырыс беруші: Оспанов М.Ж.  
«AMANAT» партиясы»  
ҚБ қаражатынан төленді





## ДАМУ

14 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында елімізде атом электр стансасын салу мәселесіне байланысты референдум өтетіні туралы хабарланғалы белгілі. Қазір атом электр стансасын салу мәселесі жан-жақты талқыланып жатыр. Сонымен, атом электр стансасын салудың маңыздылығы не? АЭС салу қандай қажеттіліктен туындап отыр? АЭС құрылысынан келетін қауіп бар ма? Көпшіліктің көкейіндегі осы сұрақтардың жауабын атыраулық ғалымдардан сұраған едік.

## ҚУАТ ТАПШЫЛЫҒЫНАН ҚҰТҚАРАДЫ

**А** Баян  
ЖАНҰЗАҚОВА

Техника ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның еңбек сіңірген энергетигі Владимир Яшковтың айтуынша, атом энергетикасын дамыту — болашақта болатын энергия тапшылығын болдырмау үшін қажет.

— Алдымен Қазақстанның энергетика объектілеріне тоқталып өтелік. Бірінші көмір туралы айтар болсақ, Қазақстандағы көмір қоры 300 жылға жетеді. Париждің шығарындылар жөніндегі келісіміне сәйкес,

нылады, — дейді ғалым Владимир Яшков.

Ғалымның айтуынша, Қазақстанда атом энергетикасын дамыту үшін барлық қажетті алғышарт бар. Еліміз қазірдің өзінде ядролық отынды дайындап жатыр. Ол — уран таблеткалары. Егер атом электр стансасын салу бойынша оң шешім қабылданса, Үлбі металлургия зауыты ядролық отынды әзірлеуге дайын.

— Уран қоры бойынша Қазақстан әлемде екінші орында. АЭС үшін уран, отын өндірудің тиімді технологиясы бар. Уран

Сондай-ақ В. Яшков Қазақстанда АЭС салу қажеттілігін туындатып отырған алғышарттар бар екенін айтады. Еліміздің оңтүстігінде 2030 жылға қарай электр энергиясының тапшылығы шамамен 2 ГВт болады деп күтілуде.

— Қазір Алматы облысында АЭС салу мәселесі қарастырылып жатыр. Алматы облысы ұлттық электр желісінің топографиясы тұрғысынан ең қолайлы алаң деп танылды. Қазақстанда атом энергетикасын дамыту 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптылығына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Атом энергетикасын дамытатын мемлекет айтарлықтай үлкен саяси салмаққа ие болады. Әрі дамыған атом энергетикасы Қазақстанның экономикалық өсу, энергетикалық тұрақтылық пен энергия қауіпсіздігі арасындағы теңгерімге қол жеткізе алады. Қазақстанда атом электр стансаларының пайда болуы әрдайым жоғары технологиялық өнеркәсіп пен ғылым салаларын дамытуды қоса алғанда, кешенді ұлттық дамудың драйвері болады, — деді ғалым.

С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің профессоры Дүйсенбек Құлжановтың пікірінше, атом электр стансасын салу қажеттіліктен туындап отыр.

— Рас, қазір әркім әртүрлі пікірде. Бүгінгі электр энергиясы халықты 100 пайыз қамтып



Қазақстан 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге міндеттеме алды. Сондықтан көмір энергетикасына инвесторлар болмайды. Дегенмен көмір өндірісі басым бағыттың бірі болып қала береді. Еліміздегі 24,5ГВт белгіленген қуаттылықтың 13,4ГВт көмір генерациясымен ұсынылған. Ол күкірт пен азот оксидтерінің, ауыр металдардың эмиссиясымен теріс фактор туғызады, сондай-ақ күлдің көп көлемде болу проблемасы, құрғақ климат және үнемі жел соғып тұруы аумақтың ластануына, экожүйе мен адам денсаулығына кері әсерін тигізеді.

Екінші — газ. Тәуелсіздік алған 30 жыл ішінде елімізде бірде-бір газ кен орны толық игерілмеді. Қазақстанда газдың жеткілікті көлемі жоқ. Мысалы, Жамбыл МАЭС алты блокта екі-үш блокты режимде жұмыс істейді, себебі газ қымбат және жеткіліксіз. Жаңартылатын энергия көздерінің тиімділігі төмен. Жел 30%-ға дейін, күн 15% ғана қуат көзі бола алады. Сондықтан ЖЭК негізгі генерация ретінде қарастырылмайды. Олар тек электр энергиясын сақтау құрылғыларымен қолда-



**Екінші – газ. Тәуелсіздік алған 30 жыл ішінде елімізде бірде-бір газ кен орны толық игерілмеді. Қазақстанда газдың жеткілікті көлемі жоқ. Мысалы, Жамбыл МАЭС алты блокта екі-үш блокты режимде жұмыс істейді, себебі газ қымбат және жеткіліксіз. Жаңартылатын энергия көздерінің тиімділігі төмен.**

өнімдерін өндіру бойынша «Үлбі металлургия зауыты» АҚ жұмыс істейді, ҒЗИ бар.

С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті Ядролық физика институтымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойған болатын. Атом электр стансаларының қауіпсіздігі мен экологиялық тазалығына қатысты мәселе жоқ екенін атап өтуге болады. Сонымен қатар халықаралық классификация бойынша атом электр стансалары «жасыл энергетика» бөліміне енгізілді, бұл олардың қауіпсіздігі мен тұрақтылығын растайды, — дейді ғалым Владимир Яшков.

отыр деп айта алмаймыз. Қазір еліміз күннен-күнге дамып, халық саны да көбеюде. Егер демографиялық ахуал осы қарқында дамитын болса, онда бізге АЭС керек болады. Ол арқылы біз энергия тапшылығын жойып, экономикалық жағдайымыз бен энергия қауіпсіздігін жақсарта аламыз, — деді ғалым Дүйсенбек Құлжанов.

Қалай десек те, АЭС салынған жағдайда да, техникалық және экологиялық қауіпсіздік мәселесі бірінші кезекте болуы керек. Сондай-ақ Қазақстан үшін қауіпсіз әрі экологиялық тұрақты шешімдерді іздестіру маңызды.

## КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫНА ВЕТЕРИНАРЛАР ДА АТСАЛЫСТЫ

**V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының бағдарламасында жүйрік жылқының, қырағы бүркіттің қатысуымен болатын спорт түрлері бар. Сондықтан аталмыш ойынға қатысатын спортшылармен қатар оларға серік болған құс пен жануардың да денсаулығына алаңдау маңызды.**



Қарапайым оқырман спорттық жарысқа ветеринарлардың не қатысы бар деуі әбден мүмкін. Бір қарағанда, тосын естілетіні де рас. Бірақ бұл мамандардың көшпенділер ойынына тікелей байланысы бар екен. Өйткені ойын түрінің көбі жылқының жалында өтеді. Бәйгені, аударыспақты, жамбы атуды, көкпарды арғымақтарсыз елестету мүмкін бе? Жоқ, әрине. Мұнда ер-азаматтың білегі мен ептілігі ғана сыналып қоймайды, астындағы сәйгүліктерге де ерекше күш түседі. Желмен жарысып, ауыздығымен алысқан тұлпарларға да бап та, бақ та қажет. Сондықтан жарыстардың дұрыс және ретті ұйымдастырылуында жануар денсаулығы мен жайлылығын ветеринариялық бақылау өте маңызды.

Мал дәрігерлері жарыс алдында спорт сәйгүліктерінің физиологиялық және клиникалық жағдайын жан-жақты тексерістен өткізеді. Бұл ойынға қатысатын жануарлардың өмірі мен денсаулығына қауіп жоғына кепілдік береді. Жарыс кезінде жаракаттар пайда болған жағдайда дәрігерлер жануарларға қажетті медициналық көмек көрсетеді. Сондай-ақ ойын кезінде жануарларды гуманды пайдалану ережелерінің сақталуын бақылау да — ветеринариялық қызметтің тағы бір маңызды міндеті. Бұл жұмыс спорт малының қауіпсіздігін

камтумен қатар ойындардағы жалпы әділеттік пен спорттық этиканы сақтау негіздерінің бірі саналады.

Осы ойындардың ветеринариялық қызметін атқару үшін елордамыздағы Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің Ветеринариялық медицина кафедрасының меңгерушісі, «Болашақ» президенттік бағдарламасының түлегі, ветеринария ғылымдарының кандидаты Жомарт Кемешов бастаған бір топ маман атсалысып жатыр.

Еске сала кетейік, Астанада өтіп жатқан Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына көшпелі халықтардың 21 дәстүрлі ойын түрі бойынша 89 елден 2 500 спортшы бақ сынап жатыр. Дүбірлі дода кеше өз мәресіне жетті.





# САЛЫҚТЫҢ ХАНТАЛАПАЙЫ ҚАЗЫНАНЫ БАЙЫТА МА?

(Басы 1-бетте)

— Бюджетаралық қарым-қатынасты ретке келтіру қажет. Шағын және орта бизнестен түсетін салықты аймақтардың өзінде қалдыру дұрыс әрі уақтылы қабылданған шешім болды. Бұл қадам кәсіпкерліктің дамуына едәуір серпін берді. Сонымен қатар әкімдердің дербестігін арттырды, — деді Президент.

Бұл ретте орталықтағы мемлекеттік органдар ұятты болып тұр. Ауыл-аймақтағы әкімдер өздеріне тапсырылған салықты уақтылы әрі артығымен жинайды. Былтырғы көрсеткішті жоғарыда айттық. Бұл тренд биыл да жалғасыпты.

Мемлекеттік бюджет республикалық және жергілікті бюджет болып екіге бөлінетіні мәлім. Аты айтып тұрғандай, біріншісіне — Үкімет пен министрліктер, екіншісіне — жергілікті әкімдер жауапты. Аймақ басшылары биыл да салық жинауда кезекті рекорд орнататын түрі бар. Ал орталық меморгандардың тірлігіне жан бітіру, қимылына серпін беру үшін тағы қандай ауыр сын айтылуы қажет? Сөз өтер емес: ресми мәлімет бойынша 2024 жылдың бірінші жартысында алым-салықтарды, сондай-ақ активтерді, негізгі капиталды сатудан түсетін кірістерді қоса алғанда, республикалық бюджетке 5 трлн 628,1 млрд теңге ғана кіріс түскен. Салдарынан, кіріс жоспары небәрі 81,2% орындалды (биылғы жартыжылдықта 6 трлн 935,1 млрд теңге жинауы тиіс болатын).

Сонын ішінде 2024 жылғы 1 шілдеде 5 трлн 187,7 млрд теңге ғана салық жиналды. Яғни, салық түсімдері бойынша көрсеткіш қатты құлдырап, жоспар бар-жоғы 75,9%-ға орындалған (жартыжылдықта 6 трлн 836,5 млрд теңге салық жинауы тиіс еді). Қаржы министрлігінің түсіндіруінше, республикалық бюджеттің салықтар жоспарының 1 триллион 648,8 млрд теңгеге орындалмауына қосылған құн салығының (ҚКС) — 874,1 миллиард теңгеге, корпоративті табыс салығының (КТС) — 613,9 миллиард теңгеге, шикі мұнайға экспорттық кеден бажының (ЭКБ) — 86 миллиард теңгеге аз түсуі себеп болды.

Орталықтағылар өз жоспарын орындау үшін көзбояушылыққа да барған көрінеді: ірі салық төлеушілерді келесі жылдың салығын осы жылы аванспен төлеуге мәжбүрлейді. Салдарынан ол жылдың салықтық базасы кемиді. Шенеуіңкер: «Биылды өткізсем болды, кейін топан су қаптаса да мейлі» дейтін сияқты. Шенділердің бұл тірлігін жоғарғы палатаның отырысында Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев та сынаған болатын.

— Бюджеттің шығыс және кіріс бөліктері теңгерімге келтірілмеген. Онда шығыстарымыз орасан зор, кірістер бойынша — проблема. Бюджет тапшылығын жабу үшін Ұлттық қорды шығындап жатырмыз, бұл жақсылық әпермейді. Бюджет көрсеткіштерінің негізін есебінен көркем етілетіні белгілі. Салықтар бойынша аванстық төлемдер есебінен жақсартады. Осы арқылы алдағы салық түсімдерінен 300 миллиард теңге аванс алып қойған. Мұның сыртында былтыр отандық экспорттаушыларға 500 миллиард теңге ҚКС-



Елнар ҚАБА (Коллаж)

ын қайтармай қойған. Терендей берсек, бюджеттің қандай тетіктермен тәп-тәуір етілетінін білуге болады, — деді Сенат басшысы.

Мүндай тірлікпен мемлекет алысқа ұзамас. Сол себепті орталықтағы шенділердің құрғақ уәдесі мен зая тірлігінен қажыған сенаторлар олардың жинамай алмай отырған салықтарын аймақ әкімдеріне беру идеясын ілгерілетті.

## ӘКІМДЕР ҚАЙТСЕ ЫНТАЛАНАДЫ?

Президенттің өзі жаңа экономикалық модельге көшу аясында өңірлердің бюджеттік дербестігін күшейту міндетін қойды. Ауыл, аудан, қала, облыс әкімдері Астана жаққа қарап, қол жайып отырмай, өз проблемаларын өзі шешуі үшін олардың бюджеттерінің табыс көздерін арттыру қажет. Бұл үшін салықтық және салықтық емес төлемдерді жергілікті бюджеттер деңгейіне беру керек.

Мемлекет басшысы 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында республикалық бюджеттен кем дегенде 2 триллион теңгенің салық көзін жергілікті бюджеттерге тапсыруды жүктеді. Соның алдында, 2020 жылдан бастап, шағын және орта бизнестің корпоративті табыс салығы (КТС) жергілікті бюджеттерге берілген-тін. «Өзімдікі дегенге, өгіз қара күшім бар» дегендей, осыдан кейін жергілікті билік оны белсенді жинауға білек сыбана кірісті.

Соның арқасында әкімдер өз бюджеттерін үш жыл ішінде қосымша 3,4 триллион теңгеден астам кіріспен толтырды. Өңірлік шағын және орта кәсіпкерлік аударатын КТС-тің жыл сайынғы өсу қарқыны 40%-дан асып кетті. Бұл КТС өңірлік барлық салықтық түсімнің бестен бір бөлігін құрайды: үлесі 20%-дан асты. Осыны көріп шабыттанған депутаттар енді ұсақ емес, ірі бизнестің де КТС-ін әкімдерге берейік деп отыр.

— Осылайша, өңірлер өркендеу үшін қуатты экономикалық ынталандыруға қол жеткізді. Алайда әкімдерді сайлау институтының енгізілгеніне және жергілікті бюджеттердің табыс бөлігін

кенейту бағытында бірнеше жыл жұмыс жүргізілгеніне қарамастан, ауыл-аймақтың қаржылық тәуелсіздігі мәселесі түбегейлі шешілмей, көкейкесті болып қалды. Мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру аясында жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқарудың тиімділігін арттыру және жауапкершілігін көтеру үшін алдымен функционалдық талдау жүргізу қажет. Оның барысында жергілікті атқарушы органдардың жаңа функцияларды орындауға дайындығын қарау керек, — деді бастама авторының бірі, сенатор Бекбол Орынбасаров.

Осы талдау әкімдердің жаңа өкілеттік-функцияларды орындауға әзір және біліктілігі мен адами ресурстары жеткілікті екенін көрсетсе, онда сенаторлардың айтуынша, республикалық бюджеттің бірқатар кірістерін жергілікті бюджеттерге табыстаған маңызды. Олар біріншіден, ірі бизнес субъектілері төлейтін корпоративті табыс салығын (КТС) да әкімдерге беруді ұсынды. Бүгінде елдегі мұнай-газ, тау-кен өндіру секторы, машина жасау, тамақ, жеңіл, химия, басқа да өнеркәсіптердегі 1 370 ірі компания, зауыт-кәсіпорын орталыққа КТС төлейді. Екіншіден, депутаттар Үкіметке шағын және орта бизнес субъектілерінен қосылған құн салығын да әкімдер жинауы керек деді. Үшіншіден, Қазақстан территориясына импортталатын тауарлардан акциз жинау құзырын жергілікті биліктер қанжығалағаны жөн. Бұдан республикалық бюджетке 150 миллиард теңгеден астам акциз алымы түседі. Төртіншіден, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру салығын да сол бағытта атқандырып абзал. Бесіншіден, түрлі мемлекеттік мекеме салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндірулер де жергілікті бюджеттерді жарылқаса, құба-құп.

Бір топ Сенат депутатының пайымдауынша, бұл түсімдерді халыққа ең жақын жергілікті бюджеттерге тапсыру — «Әділетті Қазақстанда» кірістерді барынша әділетті бөлуге мүмкіндік беріп, ауыл-аймақтың дамуына оң ықпалын тигізеді.

## ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ НЕГЕ БАС ШАЙҚАДЫ?

Жергілікті бюджеттердің кіріс бөлігін арттыру бағытындағы іс-шаралар өз жемісін беріп жатыр. Мысалы, Астана іргесіндегі, Ақмола облысының Ақмол ауылдық округі бюджетінің кіріс бөлігі 2022 жылы 63,3 миллион теңге ғана болыпты. Оның өзінде салық түсімдері 23,8 миллион теңгені құраған.

күәлік, туу туралы күәлік), жүргізуші күәліктерін бергені үшін мемлекеттік баж. Үшіншісі — нотариалдық іс-қимылдарды жасағаны үшін мемлекеттік баж, төртіншісі — сотқа талап арыз (талап қою) бергені үшін жиналатын мемлекеттік баж. Бесіншісі — сот орындаушылары, сот приставтары салған әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алған өтемақылар және басқалары.

Экономистердің айтуынша, жергілікті деңгейлерге тек түсімі тұрақты болып келетін кіріс қайнарлары табысталады. Президенттің 2022 жылғы 10 қыркүйектегі №1005 Жарлығымен, жергілікті биліктерге ағымдағы салықтарды, жеке табыс салығын, сондай-ақ әлеуметтік, көлік, мүлік, жер салықтарын және басқасын жинау құзыры берілді. Бұл салықтар әрбір елді мекенде тіркелген тұрғындар, дара кәсіпкерлер, коммерциялық ғимараттар және басқаның сияқты жергілікті салық базасынан жиналады. Олар жергілікті бюджеттің орнықты табыс көзі саналады және экономикалық дағдарыстар оған көп ықпал етпейді.

«Ал алып бизнес төлейтін ҚКС, КТС сияқты өңірлер бойынша біркелкі орналаспаған салық базасынан жиналатын ірі салықтар республикалық бюджет құзырында қалды. Себебі бір өңірдің жері мұнай-газ, түрлі метал сияқты қазынаға бай, басқасы — жұтан. Бірінде ірі зауыт-кәсіпорын көп, екіншісінде — некен-саяқ. Егер мұны өңірлерге берсе, бірі шылықтан бай, екіншісі — тақыр келеді болады. Ірі салықтарды өңірлерге таратып берсе, кедейлеріне көмектесетіндей, орталық бюджетте күш-қуат қалмайды», — дейді экономист Қ.Қаппаров.

Өз кезегінде О.Бектенов корпоративті табыс салығы (КТС) республикалық бюджетке тек ірі кәсіпкерлік субъектілерінен — тау-кен, өңдеу секторларындағы компаниялардан түсетінін жеткізді. Бұлардың төлейтін салығының көлемі жаһандық конъюнктураға, әлемдік биржаларда шикізат пен металға қандай баға орнайтынына қатты тәуелді. Үкімет басшысы сондай-ақ ірі бизнестің КТС-ін неге әкімдерге беруге болмайтынын айтты.

«Ірі бизнес негізінен Астана мен Алматыда тіркелген. Тиісінше, бұл салықтың ең көп түсімі де осы екі мегаполиске тиесілі. Мысалы, 2023 жылы республикалық бюджетке 3 трлн 889,6 млрд теңге КТС түсті. Соның ішінде Алматыдан — 1 трлн 335,7 млрд теңге немесе 34,3%-ы, Астанадан — 733,4 млрд теңге немесе 18,8%-ы аударылды. Яғни, корпоративті табыс салығының 50%-дан астамын онысыз да республикалық бюджеттің доноры болып отырған екі қала береді», — деді Олжас Бектенов.

Сондықтан ірі салықтарды өңірлердің ханталапайына тастау туралы бастамамен Үкімет құлпыттамады. Бұл жерде «қазіргі қалыптасқан диспропорцияда КТС-ті өңірлер арасында бөлу облыстардың орталықтан алатын субвенцияларының қысқаруына әкелмейтіні» де дәйек ретінде алға тартылды. Қарапайым тілмен айтқанда, өңірлер ұсақ-ірі салықтарды тегіс өзі жинаса да, орталықтан субвенция, трансферттер дәмәтуін қоймайды. Әйткенмен, пікірталас жалғасады.

Елдос СЕНБАЙ



## НАРЫҚ

14 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

# ТӘУЕЛСІЗ ЖҰМЫСКЕРДІҢ ТӘУЕКЕЛІ – ӨЗІ

Өзін-өзі жұмыспен қамту – бұл қызмет көрсететін немесе тауар сататын адамдар ресми түрде салық төлеп, әлеуметтік және медициналық қызметтерді ала алатын шағын кәсіпкерлікті заңдастырудың бір амалы. Елімізде көптеген адам ресми жұмыс істемесе де, бейресми түрде табыс таба алады. Бұл азаматтар медициналық көмек сияқты әлеуметтік кепілдіктерді пайдалана алуы үшін 2018 жылы өзін-өзі жұмыспен қамту жүйесі енгізілген еді. Осының арқасында олар жеке кәсіпкер (ЖК) ретінде тіркелмей-ақ өз қызметін заңдастыруға мүмкіндік алды. Бұл өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға мемлекеттен несиені мен көмек түрлерін алуға жол ашады. Дегенмен сарапшылар бұл көлеңкелі экономиканың көрсеткіші әрі елдегі жұмыссыздық деңгейін әспеттеп көрсетудің бір көрінісі деген пікірде.

**А** **Кәмила**  
**ЕРКІН**

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған қазақстандықтардың көпшілігінің (96%) табысы жалдамалы жұмыскерлердің орташа айлық жалақысынан төмен, тәуелсіз жұмыскерлердің 48%-ы айына 100 мың теңге және одан аз алады. Мұндай деректерді Halyk Finance талдаушысы Мадина Кабжәлілова Қазақстанның еңбек нарығы бойынша 2023 жылғы есебінде келтіреді.

2024 жылға дейін өзін-өзі жұмыспен қамтығандар салық, медициналық көмек және зейнетақы аударымдарын қамтитын бірыңғай жиынтық төлемді (БЖТ) төледі. 2024 жылдан бастап бұл төлем жойылды, енді сіз басқа салық режимін таңдауыңыз керек немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркелуіңіз керек.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар қазір жылына бір рет жеке табыс салығын (ЖТС) төлейді (табыстың 10%), бірақ Медициналық және әлеуметтік аударымдарды қамтитын табыстың 4% мөлшерінде жаңа жеңілдік салығын енгізу жоспарлануда. Бұл статуска ие болуы үшін барлық кәсіптер жарай бермейді. Мысалы, сіз көкөністерді сатуға өсіре аласыз, бірақ оларды нарықта сатпайсыз, үйде киім тігуге болады, бірақ сіз коммерциялық ателье аша алмайсыз. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар заңды тұлғалармен жұмыс істей алмайды, тек жеке тұлғалармен істес болуы мүмкін.

Дегенмен екінші деңгейлі банктер ірі несиелер беру кезінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың табысы туралы анықтамаларға сене бермейді. Өйткені Halyk Finance сарапшыларының айтуынша, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың табысын қалай алақайда қиын. Себебі олар ұлттық статистика бюросының сауалнамалары негізінде бағаланады. Ал жалдамалы жұмысшылардың жалақысы үнемі бақылауда. ҰСБ мәліметтеріне сәйкес, 2023 жылғы III тоқсанның қорытындысы бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың саны 2,2 млн адамды құрайды. Оның ішінде 1,6 млн – жеке кәсіпкерлер, қалған 0,6 млн – тәуелсіз қызметкерлер және басқалар.

## ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАНДАРДЫҢ ТАБЫСЫ:

16%-ы 60 мың теңгеден төмен;  
32%-ы 60-100 мың теңгеге дейін;  
19%-ы 100-150 мың теңгеге дейін;  
12%-ы 150-200 мың теңгеге дейін;  
17%-ы 200-300 мың теңгеге дейін;  
4%-ының ғана табысы одан жоғары.  
Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың

барлығы дерлік экономиканың бірнеше секторында жұмыс істейді: саудада (31%), ауыл шаруашылығында (28%), көлікте (12%) және құрылыста (8%).

«Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың барлығы дерлік жалдамалы қызметкерлердің орташа жалақысынан төмен табыс табады, жартысына жуығы 100 мың теңге, ал 16%-ы немесе кемінде 350 мың адам ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз сома табады», – деп жазады сарапшы Мадина Кабжәлілова.



Сарапшылардың айтуынша, өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың көпшілігі шағын бизнеспен шұғылданады. Алайда елімізде жеке сектор мен ШОБ әлі де еңбек өнімділігінің өсу көзіне айналған жоқ. Керісінше, олардың тоқырауы байқалады дейді маман. Сәйкесінше, статистикаға «сүйеу» болып отырған – нарықтағы өлсіз және тиімсіз компаниялар. Олар негізінен мемлекет, қолдау мен көптеген саладағы «мемлекет рөлінің артуына» байланысты жұмыс істеп келеді.

## ЕҢБЕКАҚЫСЫ ТӨМЕН «ТӘУЕЛСІЗ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР»

Әлемдік стандарттар бойынша Қазақстанда орташа жалақы төмен. Республика табысы орташадан жоғары елдер тобына кіргенімен, жалақы сол топтағы көптеген елге қарағанда төмен дейді мамандар. Тіпті, кейбір елдерде екі есе немесе одан да көп. Сондықтан өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды жіктеу мәселесі елдегі жұмыссыздық деңгейін төмен етіп көрсетуі мүмкін. Сарап-

шының пікірінше, жұмыссыздықтың төмен деңгейі жасырын сипатқа ие, ұзақмерзімді жұмыссыздықтың үлкен үлесін қамтиды және әйелдерге көбірек әсер етеді.

Еңбек экономикасында «жасырын жұмыссыздық» ұғымы жұмыс іздеуді тоқтатқан немесе еңбек әлеуеті мен дағдыларын толық пайдаланбаған адамдарды сипаттайды. 2023 жылдың екінші жартысында Қазақстандағы ресми жұмыссыздық көрсеткіші тарихи ең төменгі көрсеткішті көрсетіп, 4,7%-ға дейін төмендеді. Бірақ Halyk Finance талдау орталығы маманы бұл көрсеткіштің объективтілігіне күмән келтіріп отыр. Мысалы, Еуропа одағында былтырғы жылдың қазан айында еңбекке жарамды ресми жұмыссыздар үлесі 6% болды. Атап айтқанда, Финляндияда бұл көрсеткіш 7,5%, Данияда – 5,4% құрады. Қазақстандағы ресми жұмыссыздық бұл ретте ұзақ уақыт бойы шамамен 5% тұрақты төмен деңгейде ұсталып келеді.

«Халықаралық зерттеулер жасырын жұмыссыздықтың еңбек нарығы үшін де, жалпы экономика үшін де көптеген жағымсыз әсері бар екенін көрсетеді. Өзін-өзі тиімсіз жұмыспен қамтығандардың саны Қазақстандағы барлық тәуелсіз жұмыскерлер мен жұмыссыздардың жартысына жуығын құрайды. Сондықтан мемлекет осы жағдайға назар аударып, оны жою бойынша тиімді шаралар әзірлеуі қажет», – дейді сарапшылар.

Сарапшылар 2019 жылы Қазақстан заңнамасында «өзін-өзі жұмыспен қамтығандар» термині «тәуелсіз қызметкерлер» ұғымына, яғни қызметті мемлекеттік тіркеусіз табыс алу мақсатында тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді өз бетінше

өндіретін (өткізетін) адамдарға ауыстырылғанына назар аударады. Осылайша, өзін-өзі жұмыспен қамтыған және тәуелсіз жұмысшылар мен жеке кәсіпкерлер ресми статистикаға еніп кетті. Көптеген нәтижесіз жұмыспен қамтығандар жұмыссыздық бойынша жәрдемақылардың төмендігіне байланысты жұмыссыз ретінде тіркелгісі келмеуі мүмкін. Мұның барлығы жасырын жұмыссыздықтың алғышартына айналуы мүмкін.

Тәуелсіз сарапшы Андрей Чеботарев демографияның дамуы алдағы уақытта бұл мәселеге өзге қырынан қарауға мәжбүр етуі мүмкін екенін алға тартып отыр. «Қазақстанда ресми жұмыссыздық бірнеше жылдан бері айтарлықтай өзгерген жоқ және 4,7%-ды құрайды. Алайда туу деңгейін ескерсек, жастардың саны айтарлықтай өсе бермек. Бұл оларға лайықты жұмыс орындарын табу туралы сұрақтар туғызып отыр. Жас азаматтар – бұл бір жағынан экономикамыздың мүмкіндігі, екінші жағынан сынақ», – деді ол.

## КЕДЕЙЛІКТІҢ КЕБІН КИГЕНДЕР

Ресми статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2024 жылдың бірінші тоқсанының соңында табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз халықтың үлесі 4,6% немесе шамамен 1 млн адамды құрады. Бұл осал халықтың ең үлкен тобы, мемлекет негізінен әлеуметтік саясат аясында осы топты азайту үшін көп күш жұмсап отыр. Алайда бұл көрсеткіш елдегі кедейлік деңгейін қаншалықты көрсетеді? Өйткені оған мемлекеттің әлеуметтік қолдау стратегиясы тәуелді.

«Біздің ойымызша, оның объективтілігіне бірнеше факторлар әсер етеді, ал кедейліктің нақты деңгейі ресми белгіленгеннен 2-3 есе көп болуы мүмкін. Біріншіден, Қазақстандағы кедейліктің орташа деңгейі 4,6% болғанымен, бұл көрсеткіш нақты жағдайды сипаттай алмайды. Өйткені елдің әртүрлі өңірінде кедейлік деңгейі айтарлықтай ерекшеленеді. Мысалы, Түркістан және Абай облыстарында кедейлік тиісінше 9% және 8%-ға жетеді, ал ең төмен кедейлік көрсеткіші елордада (Астанада) – 2,4%. Көріп отырғанымыздай, кейбір аудандарда кедейлік деңгейі едәуір жоғары, ал басқаларында төмен, сондықтан жалпы көрсеткіш ахуалды нақты сипаттай алмайды. Ал еліміздегі «кедейлік шегі» халықаралық стандарттардан едәуір төмен. Қазақстанда бұл ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ы ретінде белгіленген. Сонымен қатар кедей отбасыларға арналған атаулы әлеуметтік көмекті есептеу үшін пайдаланылады», – дейді Halyk Finance сарапшылары.

Алайда Дүниежүзілік банк жан басына шаққандағы жалпы ұлттық табыс (ЖҰӨ) деңгейі бар елдер үшін, кедейлік шегі 2,6 есе жоғары болуға тиіс деп атап өткен болатын. Осылайша, Қазақстандағы кедейлік деңгейі халықаралық стандарттармен салыстырғанда төмен және бұл мәселенің ауқымын толық бағалауға мүмкіндік бермейді.

«Дүниежүзілік банктің 2023 жылдың соңында жүргізген сауалнамасының нәтижелері бойынша респонденттердің 20%-дан астамы өздерін «кедей» деп көрсеткен. Бұл адамдардың арасында халықтың осал топтары бар: кедейлік шегінен төмен отбасылар, қарттар, жұмыссыздар, мүгедектер, әйелдер мен балалар елдегі экономикалық жағдайдың нашарлауын қатты сезінеді. Сонымен қатар сауалнамаға қатысушылардың төрттен бір бөлігі күтпеген шығындарды жаба алмайды және бұл негізінен табысы төмен отбасылар. Сауалнамаға қатысқандардың 90%-дан астамы елдегі табыс алшақтығына және халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау саясатына наразылығын білдірген. Осылайша, Қазақстандағы экстремалды кедейлік проблемасы бұрыннан шешілгенімен, халықтың жеткілікті үлкен үлесіне өзінің базалық қажеттіліктерін жабуға қаражат жетіспеу қаупі бар, ал табыстың көп бөлігі азық-түлікке жұмсалады», – делінген сараптамада.



Буллицид – соңғы онжылдықта қолданысқа дендеп енген термин, жүйелі кибербуллинг немесе онлайн қудалау әрекеттерінен болатын суицид. Батыстың ғылыми әдебиетінде бұл терминді жалпы буллинг салдарынан болатын суицид деп түсіндіргенімен, бұған көбіне-көп кибербуллинг себепкер болатыны жиі айтылады. Ақпараттық технология мен әлеуметтік медианың дамуы қарқын алған сайын киберқауіпсіздік мәселесі де өршіп бара жатқаны, әсіресе балалар мен жасөспірімдердің цифрлық тазалығы, дұрыс контент тұтынуы қоғамның алаңын тудырып отыр.

**А** Айдана НҰРМҰХАН

Әлеуметтік медианы белсенді пайдалану дағдысы ересектермен қатар балалардың да күнделікті өмір салтына біртіндеп еніп кетті. Ұлттық статистика бюросының ақпаратына сәйкес, 2021 жылы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланушылар арасында 6-дан 15 жасқа дейінгі балалардың үлесі 89,5% болған. Зерттеушілер балалар арасындағы бұл көрсеткіштің күрт өсуін 2020 жылғы пандемиямен байланыстырады. Сәйкесінше, әлеуметтанушылар балалардың электронды құрылғыларды белсенді қолдану тәжірибесін, мультимедиялық мазмұнның балалардың дамуына әсерін зерттеу керегін алға тартады. Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының сарапшылары 6 мен 15 жас аралығындағы балалардың интернетті пайдалану жиілігін зерттеген, олардың 67%-ы күніне кемінде бір рет әлеуметтік желіге кіреді, тек 7,8%-ы интернетті аптасына бір реттен аз пайдаланады.

«Бүгінде балалар өздерінің дамуының алғашқы кезеңдерінде ғаламторды жиі қолданады. Бұған көбіне ата-аналардың өздері белсенді ықпал етеді. Тәжірибе көрсеткендей, ата-аналар балаларды тамақтану кезінде цифрлы контентті тұтынуға бейімдеп, баланың көңілін көтеру үшін смартфон мен түрлі электронды құрылғыларды пайдалануды күнделікті әдетке айналдырады. Мектеп жасына дейінгі балалардың жағдайында гаджеттерді пайдалану және цифрлы контентті тұтыну ата-ананың балаларды тәрбиелеуде заманауи технологияларды белсенді пайдалану шешімімен тығыз байланысты. Бұдан гаджетті пайдалануда өз бетінше шешім қабылдай алмайтын және жеткілікті мәдени капиталы жоқ 6 жасқа дейінгі балалардың цифрлы контентті (мультфильмдерді) тұтыну мәселесі туындайды», – дейді әлеуметтанушы Әйгерім Ерболатқызы.

Әлеуметтанушылардың айтуынша, электронды гаджеттердің, цифрлы медианың, мультимедиялық контенттің балалардың интеллектуалды дамуына психологиялық әсерін бағалаудың өзектілігі артып келеді. Цифрлы контенттің әсерін зерттеу психология, медицина, педагогика саласындағы зерттеушілерді де, ата-аналардың өздерін де қызықтырады.

Маманның пікірінше, бір жағынан, арнайы мүмкіндіктері бар гаджеттерді жетілдіру мектеп жасына дейінгі балалардың технологияларға жылдам бейімделу процесін жеделдетеді. 6-17 жас аралығындағы балалардың мультимедиялық контентті белсенді тұтынуы қоғамның түрлі салаларын цифрландыру жағдайында балалардың цифрлы сауаты мен құзыретін арттыруға да көмектеседі. Сонымен қатар көрсетілген жас аралығындағы балалар арасындағы әлеуметтік медианы тұтыну балалар үшін коммуникация мен әлеуметтік байланыстарды қанағаттандырудың негізгі құралы әрі әлеуметтену агенті рөлін атқарады. Егер дәстүрлі және индустриалды қоғамдарда балаларды әлеуметтендірудің негізгі агенттері әлеуметтік институттар (отбасы, білім, дін, дәстүрлі БАҚ) болса, онда ақпараттық қоғам дәуі-

ріндегі әлеуметтік медианы балалардың әлеуметтенуіне ықпал етуші агенттер қатарына жатқызуға болады. Балаларды гаджеттермен және мультимедиялық контентпен ерте таныстыру идеясын қолдамайтындар мұның жас ұрпақтың дамуына теріс әсерінің бар екенін алға тартады. Олардың пайымына сәйкес, балалар көбіне гаджеттер арқылы ақпарат (білім) алудың орнына смартфондарды сенсорлық әсер алу үшін қолданады. Сонымен қатар балалардың гаджеттерде көбірек уақыт өткізуі салдарынан олардың белсенді физикалық ойын әрекеттеріне уақытының тапшылығы байқалады. Бұл өз кезегінде бала дамуының, қоршаған ортаны тануының, белсенді әлеуметтік әрекеттесудің негізгі элементі ретінде қалыптасқан ойын функциясының цифрлы технологиялармен ығыстырылып бара жатқандығын көрсетеді.

Әлеуметтік медиа платформалар әдетте қауіпсіз интернет кеңістігі баптауын және өз пайдаланушысы үшін этикалық ережелерді сақтауды қамтиды. Оның әрқайсысында заңсыз контентке, зорлық-зомбылыққа, қорқытуға, жеккөрушілікке және басқа да жағымсыз материалдарға тыйым салуды қамтитын бірқатар ережелер мен нұсқаулықтар бар. Осы ережелерді бұзудың аккаунтты бұғаттау және заңды түрде жауапкершілікке тарту секілді салдары бар. Ережелердің бұзылғандығын анықтау үшін контентті тексерудің автоматтандырылған және қолмен тексеретін әдістері қолданылады. Бұл жағдайда әлеуметтік медиа платформалар шағымдар мен материалдарды модерациялау саясатын жүзеге асырады. Елімізде балалар ең жиі тұтынатын үздік үштік – Instagram, TikTok және YouTube платформаларында деструктивті контентке шағым жасау қарастырылған, бірақ әлеуметтік медиа платформада аккаунт, арна немесе парақшаны бұғаттау үшін пайдаланушылар тарапынан 100-200 өтініш көлемінде шағым тіркелуі қажет. Модерация саясаты мен әлеуметтік медиа платформалардың аккаунттарына шағымданудан басқа, қауіпсіздік жүйесі жас шектеулеріне қатысты талаптарды да қамтиды. Талаптарға сәйкес, платформа пайдаланушылары кемінде 13 жаста болуы керек. Алайда қолданыстағы талаптарға сәйкес пайдаланушы кез келген жасты көрсете алады. Бұл өз кезегінде балаларға ата-аналарының бақылауынан тыс резервтік аккаунттарды құруға мүмкіндік береді.

# БАЛАНЫ ЕРТЕ БАҚЫЛА



салыстырғанда көбіне сала оқушылары. Сонымен қатар зерттеу нәтижесі 11-15 жас аралығындағы жасөспірімдердің 12%-ы кем дегенде бір немесе одан да көп рет кибербуллингке ұшырағанын көрсетті. Сондықтан әлеуметтік медиа мен интернеттегі кибербуллингтің алдын алу және болдырмау мәселелерінде ата-аналардың құзыреттілігі маңызды.

«Кибербуллинг адамға орасан зиянын тигізеді, оның үмітсіздік пен шарасыздық күйге түсуіне себеп болады. Кей кездері буллинг кесірінен адамдар суицид жайында ойлап, өзіне қол жұмсауы мүмкін. Мемлекет басшысы өз Жолдауында азаматтарды, әсіресе балаларды кибербуллингтен қорғау бойынша заңнамалық нормаларды қабылдауды тапсырды. Әйтсе де, тек заңмен бұл мәселе түбегейлі жойылмайды. Ол үшін бала тәрбиесі, буллингтің алдын алу бойынша бағдарламаларды енгізу, балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді әрі пайдалы тұрғыда ұйымдастыру жөнінде жүйелі жұмыстар қажет. Сондай-ақ буллинг пен кибербуллинг құрбандарына қолдау көрсету қызметін дамыту маңызды. Кез келген бала, азамат өзіне, өзінің өміріне қауіп төнгенін байқаса немесе қорлауға ұшыраса, арнайы орындарға хабарласып, көмек сұрауға толық құқылы екенін білуі абзал», – дейді әлеуметтанушы Мадина Бектенова.

Еліміздің Үкіметі балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын әзірледі. Бұл бағдарламаның бір тармағы – ата-анасының рұқсатынсыз балаларға әлеуметтік медиата тіркелуге тыйым салу. Мерзімі бойынша бұл тыйым 2025 жылдың бірінші тоқсанында енгізілуі жоспарлануда. Бағдарламаның осы тармағына Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі жауапты. Бұл бастама аясында қоғам, әсіресе ата-аналар пікірі екіге жарылды: қолдайтындар – қазіргі уақытта балалардың цифрлы сауаттылығы төмен, әлеуметтік медиа платформаларын пайдалану барысында балалар түрлі қауіпті жағдайларға тап болуы мүмкін: бөгде адамдармен хат алмасу, интернетте артық уақыт өткізу, сондай-ақ контенттің эмоционалды және психологиялық күйге теріс әсерін алға тартады. Ал қарсы топ бұл шараның тиімді еместігін, балалар әлеуметтік медиа платформаларына тіркелудің басқа әдісін табатындығымен түсіндіреді.

«Әрбір әлеуметтік медиа платформа балалардың желідегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өзінің бірегей мүмкіндіктері мен құралдарын ұсынады. Ата-аналар бұл құралдарды балаларының әлеуметтік медиа белсенділігін тиімдірек мониторингілеу мен бақылау үшін пайдалана алады. Мәселен, YouTube-те – балаларға жарамсыз контентті сұрыптауға көмектесетін шектеулі режим, балаларға арналған бейне модерациясы күшейтілген және жас ерекшеліктеріне қарай балаларға арналған контентті автоматты түрде іріктейтін YouTube Kids жеке қосымшасы, ата-ана бақылауы, мұнда балалардың ата-аналары немесе қамқоршылары бейнені көру және пікірлер қалдыру үшін шектеулер қоя алады, сондай-ақ баланың аккаунтын Family Link арқылы басқара алады. TikTok және Instagram-да – «Жеке аккаунт» функциясы, оның көмегімен ата-аналар баланың контентіне шектеу қою мақсатында баланың аккаунтын жабық режиміне өзгерте алады. Ата-аналарға пікірлерге, хабарламаларға және іздеуге шектеу қоюға мүмкіндік беретін есеп беру функциясы. Баланың платформаларды пайдалануы туралы есеп беретін «Ата-ана бақылауы» функциясы. Балалардың әлеуметтік медианы пайдалануын түсінуге және бақылауға көмектесетін ата-аналарға арналған оқыту ресурстары», – дейді Әйгерім Ерболатқызы.

Қоғам белсенділері мен құқық қорғау органдарын алаңдатып жүрген тағы бір ауқымды мәселе – интернет алаңында балаларды қудалау (буллинг). Қазіргі қоғам үшін адам құқықтарын білу, балалардың құқығын қорғау, оларды буллинг пен кибербуллингтен сақтау өте маңызды. ЮНИСЕФ мәліметінше, әлемде 150 миллион бала мектеп қабырғасында және одан тыс жерде құрдастары тарапынан зорлық көріп, қудалауға ұшырайды. Еліміздегі жағдай да мез емес. Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығының «Мектеп жасындағы балалардың денсаулыққа қатысты мінез-құлқы» (Health behaviour in school-aged children) зерттеуіне сәйкес, 11-15 жас аралығындағы әрбір бесінші қазақстандық жасөспірім әлімжеттіктің (буллингтің) құрбаны немесе қатысушысы. 11-15 жас аралығындағы жасөспірімдердің 17%-ы айына бір немесе одан да көп рет мектепте әлімжеттікке ұшыраған. Әлімжеттіктің құрбандары – ауыл оқушыларымен



## ОЙТОҒЫС

14 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБИ

— Ақұштап апай, биыл сексеннің сенгіріне шықтыңыз. Осынау бір ғасырға жуық уақыт ішінде өткеніңізге қалай баға берер едіңіз? Өкінген сәттеріңіз көп болды ма? Кешегі жас Ақұштап апайымыз бен бүгінде «Ақжайықтың ақ шағаласы» атанған ақын қыздың арасында нендей айырмашылық бар?

— Сенің көзіңмен қарасаң, сексеннің сенгірі деген — өте үлкен жас. «Апыр-ай, осыншама өмір сүруге де болады екен-ау» деп ойлап таңғалып отырған шығарсың. Ал менің көзіммен қарасам, өтіп кеткен уақытта із жоқ. Уақыт сонша тез зулайды. Менің көз алдыма дәл сендей кезімді, студенттік шағымды, Жазушылар одағының есігінен кіре алмай тұрған ұян кезімді елестетіп отырмын. Алғаш редакцияларға шығармамы алып келіп, «мұны ақын қалай бағалар екен» деп тұрған кезім есіме түседі. Бірақ өткен күнге өкініп, оны еске алудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Мен тағдырыма шүкірлік етем. Өйткені қазаққа бір қыз бала болып келіп, тағдыр маған қалам ұстатқан екен. Сол «қазақ қызы «қалам» деген үлкен жүкті арқалай ала ма?» деген сауал тұрған кезде біз әдебиетке келдік. Біз дегенім — қазақтың азғантай ғана санаулы топ қызы. Бізге дейін де санаулы болды. Біздің толқын «Кеңестік дәуір» деп аталамыз. «Қазақ қызының күреспен келген жолында бұл қаламды арқалау қалай болады?» деген сауалға жауап беруге белді будық. Олар біздің буындағы Фариза бастаған Күләш, Қанипа, Ақұштап сынды санаулы қыздар еді. Сонымыздан Ханбибілер бастаған тағы бір толқын келді. Қазақ қыздарының қалам деген үлкен жүкті арқалау жолына шыққаны әлі күнге дейін есімнен кетпейді. Ақын қыздарға деген көзқарас қай кезде де өз деңгейінде болған жоқ. Сол кездері «Қыздардың орны — қазан-аяқ, бесік тербеу, бала тәрбиесі, үй шаруасы, олар әдебиетте не бітіреді?» деген көзқарас ауқымдырақ болған сынайлы. Сол арпалыстың ішінен шыққанымызға өзiм де таңғаламын. Біз табиғат талантты берген соң, мұны өлтірмеу керек деген күреспен келе жаттық. Күресіп жүріп заман өзгерді, қоғамда түрлі өзгерістер болды. Шын мәнінде, біз ұлттың қызы болған соң, ана тілі мен қазақ қызының тағдырын ойладық. Енді өткеніме өкініш айта алмаймын. Осындай өмір бергеніне тәубе деймін. Ризамын!

— Алматыға табан тірегеніңізге көп уақыт бола қойған жоқ. Қалаға ең алғаш 17 жасыңызда арман қуып келген екенсіз. Араға жылдар салып жастық шағыңыздың қаласына қайта оралуға шешім қабылдауыңызға не себеп болды?

— Алматыға он жеті жасымда арман қуып, журналист боламын деп келдім. Одан кейін қырық жыл уақыт зулап өтті. Мұнда алғаш кітабым басылып шықты, қызыл диплом алдым, үйсіз-күйсіз дәурен де өткіздім. Жастар алғашында қандай қиындықтарды көрсе, мен де сол кезеңді өткердім. Одан кейінгі тәубе дейтінім, «қазақтың ақын қызы» деген ат алдым. Түрлі жиындарға қатысып, әдеби бірлестіктерді көрдім, замандас жазушылармен араластым. Қырық жыл тұрып, бесігімді тербеп, ошағымның отын маздатып, еңбек еттім. Кейін сонау Ресеймен шектескен, шекарасы тиіп тұрған Орал өлкесіне келдім. Сол кездері Оралдың жағдайы — тілі жоқ, көшеде бірде-бір қазақтың аты жоқ, бір ғана қазақ мектебі бар аймақ еді. Әрине, егер Оралға отағасы бармаса, өзiм жалғыз кете алмас едім. Отағасы қолдады. Екеуіміз сонда барып еңбектеніп, біраз шаруаларға араластық. Алматыға тұрмыс жағдайына байланысты балаларымыздың қасына көшіп келдік. Балаларымыздан көрген немере-шөбере, жиен-жиеншарлардың ортасына келу — мақсатымыз болды. Өзім де Алматымды сағындым. Замандастарым өмірден өткенімен, менің әдеби ортам бар. Өздерің сияқты қаламның тағдырын ойлап жүрген қыздарым, немерелерім өсіп келе жатыр. Мүмкін сендер-

Биыл қазақ поэзиясының белді өкілі, бірнеше жыр жинағының авторы, ұлт тәрбиесінің жанашыры, «Ақжайықтың ақ шағаласы» атанған қазақтың ақын қызы Ақұштап Бақтыгереева 80 жасқа толды. Біз құрметті ел анасы Ақұштап апайымыздың осынау мерейлі жасына байланысты өзімен арнайы кездесіп, кеңінен сұхбаттасып қайтқан едік.

**Ақұштап БАҚТЫГЕРЕЕВА,**  
ақын,  
Мемлекеттік сыйлықтың иегері:



# ТҮБІНДЕ АҚША мен ТҮСЕТІН

мен ой бөлісудің өзі мен үшін бақыт шығар. Сол үшін маған ғұмыр берген болар...

— Сіз ақ қағаз бетіне түсірген жырлар мен жүрген ортаңызда жиі айтылатын тақырыптардың бірі — қазақ әйелдері турасында. «Поэзияда әр қыздың өз дауысы болуға тиіс» дейсіз. Ал бүгінгі тәуелсіз елдің поэзиясында өзіндік үнін қалыптастырған ақын қыздардан кімдердің шығармашылығын атар едіңіз?

— Ақын қыздарға қай кезде де оңай болмайды. Бүгінде еркінбіз, жағдайымыз жақсы дегенмен, ақын қыздарға камкорлық аз және оларды түсінетін орта да көп емес дер едім. Өйткені қандай қоғам немесе қай кезең болсын, ақын қыздың жүрегін түсінетін жағдай болмайды-ау. Сондықтан өлең жазған ақын қыздарға қатты жаным ашиды

қазіргі ақындарға ортақ болып тұр. Түсінемін, ақын қызда сәтті махаббат болмайды. Себебі ол — ақын. Ал ақынның түсінігі де, тағдыры да бөлек. Бұл — көрінген қарапайымдармен салыстыруға келмейтін өмір. Мен оларға өмірдің сәттілігін тілеп, өз қолтанбаларыңды, іздеріңді айқындап алындар дер едім.

— Сізді алаңдататын мәселенің бірі де сол — қазақ қыздарының бағыты мен тәрбиесі.

өлген қыз. Сен ұлы дала үшін күрескен ата-бабаларымыздың өмірін оқымасан, онда ұлттың үшін құның тиын тұрмайды. Демек, сен жай әншейін жәндіксің. Жорғалап жүрген жәндік те, мақұлық та тіршілік етеді. Өмір осылай өте береді. «Өзімізге жақсы болды» деп кара басынның қамымен өмір сүрсен, ата-бабаның арманына сай болған жоқсың деп айтудан жалыққан емеспін. Ұлттың үшін тым болмаса тамшыдай үлес қос, тым болмаса өз ұлтыңның балаларың тәрбиелейтін ұстаз болып өмір сүрші. Мен үшін ұстаздық салада қызмет етіп жүрген бір қыздың өзі шетелге кеткен қазақ қыздарынан әлдеқайда қымбат.

— Қазір ұл-кыз өсіріп отырған көптеген қазақ отбасы балаларын орыс мектепке беруді күп көреді. Тіпті, тіл, әдебиет майданында қалам тербеп жүрген тұлғаларымыздың перзенттері де орыстілді мектептің табалдырығын аттағаны жасырын емес. Дегенмен сонау қиын-қыстау заманда өз қыздарыңыз қазақ балабақшасына, қала берді, қаладағы жалғыз қазақ мектебіне барды. Өкініштісі, бұл ретте азаттыққа қол жеткізіп, еңсемізді тіктесек те, ана тіліміздің ахуалын құрдымға жіберіп отырған жоқпыз ба деген сауал туындайды. Неліктен қазақы отбасыда тәлім алған ата-ана балаларын орыс мектебіне беруге әуес?

— Тарихтың жылжу дөңгелегі қазақ ұлтының басынан түрлі оқиғаны өткізді. Қазақ талай нәрсені жоғалтып, қайта тапты. Талай рет құрып барып, қайта тірілді. «Мың өліп, мың тірілдік» деп Жұбан ақын тектен-текке жазған жоқ. Кезінде соғыспен де, аштықпен де халықтың көзін жойып, бүтін даланы құртуға тырысты. Бірақ қазақ ұлты жойылған жоқ. Ендеше қайткен күнде де егемендіктің туы желбіреп, ұрпағы ояңған кезде қазақ жойылмас деп ойлаймын. Қазір кейбір қазақ мектептерінің ұйымдастыру жұмысына көңілі толмағандар әлі де орыс мектебінің білім беру жүйесі тереңірек деп ойлайды. Бірақ атақты ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы» деген сөзін



**Қадыр ағаның «Бай бақытты, балалар да бақытты, тек есікте жаутаңдап тұр жетім жыр» деп жазғаны бар. Ол күні бойы бөлмесінде кілттеніп алып кітап оқып, жазу жазып отыратын еді. Ал мен базардан, балабақшадан, мектептен сүйретіліп келе жатам. Сол кездері мен «жазушы болған соң ер азамат болған дұрыс екен ғой, бұл әйелдің шаруасы емес екен» деп ойлайтынмын.**

және оларды жақсы түсінемін. Қазіргі ақын қыздарымыздың, соның ішінде Мақпалдың, Сағыныштың, Динаранның, Ажардың да жазған өлеңдерінің біразын оқимын. Бірақ ақын қыздардың өлеңдерінен байқағаным, әрқайсысының өз дауысы жоқ. Расында, өлеңдерін шатастырамын. Егер өлеңнің соңында автордың аты-жөні көрсетілмесе, бұл өлеңді кім жазғанын айыра алмай қалам. Міне, менің оларға айтарым — осы. Бүгінгі ақын қыздардың мүмкіндігі үлкен, себебі олар әлем әдебиетін орыс тілінен бөлек, ағылшын тілінде оқи алады. Бізде де осындай кезең болды, бірақ орыс әдебиетінен әрі қарай аса алмадық. Оған басты себеп, бізге өзге әдебиеттің барлығын орыс тілінде әкеліп ұсынды. Мен келешекте кейінгі қыздарымының да өзіндік қолтанбасы болса екен деп тілеймін. Қазір көпшілігінде жаппай бір тақырыптағы өлеңдер жазылып жатыр. Бәрінде сол бір сағыныш пен мұң, сәтсіз махаббат. Әзірге осы тақырыптар

XXI ғасырдағы қазақ қызының болмысы қандай болуға тиіс? Замана көшіне ілесеміз деп ата-бабамыз арқылы бойға сіңген құндылықтарымызды, қазақы болмысымызды жоғалтып алған жоқпыз ба?

— Менің талай жерде көтеріп жүрген мәселем де осы. Қай ғасыр болсын, сен қазақтың қызысың. Егер осы атауды өзгертің келмесе, «мен қазақтың қызымын» деп кеуденді соғып өмір сүргін келсе, онда ата-баба ізінен тайқымауың тиіс. Еуропаның, Батыс елдерінің үлгі-өнегесі, әлеуметтік желідегі коуч қыз-келіншектердің ақша алып, аруларды оқытуы — қазақ қызына қажет емес. Ұлы даланың қызы қандай болуы қажет? Ең алдымен, ол намысты болуға, ұлттың, даланың топырағын сүюге тиіс. Ұлтына сондай қасиеттерді бойына сіңірген намысты ұрпақ сыйлауы қажет. Бұл — қазақ қызының басты міндеті және мақсаты. Егер осыдан аттап өзiм үшін өмір сүрем деп, көрінгеннің етегінде кетсе, ол — қазақ үшін



ұмытпауымыз тиіс. Өзім балаларымды, келесі ұрпағымды орыс мектебіне беріп көрген жоқпын. Сексен жасым дейін баланы орыс мектебіне тапсырудың соңы немен аяқталғанын көріп, талай сәтсіз оқиғаға куә болдым. Орыс мектебінде оқыған балалар қазақы мейірімнен, қазақы түсініктен алшақтайды. Егер осылай жалғаса берсе, болашақта үлкендерді қарттар үйіне жинап алатын шығар, бәлкім. Алайда қазақ тілінде оқығандардың өзі де әке-шешесін қартайған шағында қарттар үйіне тапсырып жатыр. Бірақ қазақ ұлтының ұрпағын ана сыйлау, баба сыйлау, үлкенді сыйлау деген тәрбиеден шығармау маңызды. Мұндай тәрбиені баланың бойына сіңіруге әрбір ата-ана жауапты. Бала тәрбиесіндегі қателікті әрбір ата-ана өз шаңырағынан іздеуі керек. Бүгінде қазақ мектебі көбейді, тіпті басқа ұлттар да баласын қазақша оқытып жатыр. Ана тілінде білім алу – ананның, ұлтының қасиетін бесіктен білу деген сөз. Ал өзге тілде әріп тану – ана тілінен, шыққан тегінен қол үзіп қалу деген сөз. Осы екеуін ажыратып алу қажет. Баласын орыс мектебіне беретін ата-аналар әлі де бар, бірақ бұл тұста көп нәрсе тағы да үйдегі тәрбиеге байланысты. Егер отбасының ұлттық бағыты дұрыс қалыптасса, тілде тұрған ештеңе жоқ. Қазіргі уақытта балалар



## БІЛІМНІҢ ТАРАЗЫҒА КЕЗІ КЕЛЕДІ



ғыттар бойынша алда келе жатыр. Мұның түпкі себебі, түріктер кезінде кітапхана саласына, ғылым мен білімге көбірек көңіл бөлді. Түркия кітапханаларында таңнан кешке дейін ғылыммен айналысып, еңбек жазып отырғандарға түрік ресторанының тегін тамағын береді. Міне, олар кітапханаға тартудың тағы бір жолын ойластырған. Біз Ғылым академиясын таратып жібердік те, мұрағатта жиналған тарихты шашып алып отырмыз. Ғылым академиясының ғимараты бәзбіреулерге қажет болып, нәтижесінде академияны тарату деген барып тұрған көргенсіздік. Ең үлкен қателік – егемендіктің алғашқы жылдары кітапхананың бәрін сауық-сайран өткізетін тойханаға сатып жіберді. Енді оқырманды кітапханаға қайта бағыттай алмай отырмыз. Шынында, қоғамдағы көптеген қателік негізінен кітап бетін аспағаннан орын алып отыр. Иә, кітап оқыған адамға басқа тәрбие жұмысын жүргізудің қажет жоқ еді. Сондықтан кітапты насихаттау ісіне қайта бұрылмасак, біздегі қателіктер жалғаса береді. Басқару қызметінде отырған жас жігіттеріміздің қателігі – кітап оқымаудың салдары. Кітап оқымағандар ұжым басқарып немесе қандай да бір жетістікке жете бермейді. Олар қашанға дейін бәрін ақша арқылы іске асырамыз деп ойлайды? Жок, түбінде ақша мен білімнің таразыға түсетін кезі келеді. Адамзаттың аңсайтыны – ақыл-есі дұрыс ұрпақ болса, кітапты әлі де алға шығару қажет. Балаларға кітап оқуды жастайынан үйретуіміз тиіс.

– Өзіңіз жайлы көпшілік оқырман біле бермейтін қызықты фактінің бірі – өмірлік жолдасыңызбен талантты ақын Фариза Оңғарсынованың шаңырағында танысуыңыз. Онымен қоса, жарық дүние есігін ашқан күндеріңіз де бір-біріне тұспа-тұс келеді. Расында, сізді Фариза апамызбен көп дүние байланыстыратын сыңайлы...

– Иә, Фариза отағасымен танысуыма себепші болды. Отағасымен Фаризаның үйінде таныстық. Алғашында Фариза өмірлік жолдасымен өзі таныстырғысы келді. Өйткені ол отағасының барлық балалық

кезені мен жастық шағын біледі екен. Отағасы кейде «Мені сенімен таныстырған Фариза апайға рақмет» деп еске алып күліп отырады. Фариза бүтін өмірін, жастығын, денсаулығын «өлеңді қазақ қызы жаза алады» деген көзқарасты дәлелдеуге арнады. Өйткені оның жүрегінің басқа қалауы болған жоқ. Фариза екеуіміздің мұңымыз да, арманымыз да бір еді. Орта жолда қаламды тастап кету болмас екен, өзгелерге қазақ қыздарының қолынан түк келмейді ғой дегізбесек екен деп осы жолда еңбек еттік. Қазақтың ақын қызын 85 жасында еске алайықшы деген оймен қолымда қалған суреттер мен хаттарды жинақтап, «Менің Фаризам» деген атаумен кітап етіп шығардым. Рухы риза деп ойлаймын. Кеше ғана ауылдан жегесі хабарласып, қуанып отырғанын, екеуіміздің жастық шағымыз көз алдынан өткенін жеткізді. Бұл кітап – өзім таныған Фаризам жайлы бір естелік болсын дедім. Қазақ қыздары талантын өлтірмейді және ақындықты дәлелдей алады деген тұжырымға келу үшін бізге Фаризаны асқақтату керек.

– Кітап қазір сатылымда бар ма?

– «Менің Фаризам» кітабын Foliant баспасы шығарды. Кітаптың көбін мерейлі жылыма байланысты келісіммен Орал қаласындағы кітапхана иелері сатып алды. Foliant баспасымен байланысы бар адамдар кітапты алып жатқан шығар, бәлкім. Мен кітаптың сатылымы қалай жүріп жатқанынан бейхабармын. Кітапқа Kaspi қосымшасы арқылы тапсырып беретін оқырмандар да бар екен. Егер туындының оқырманы көбейсе, әрі қарай Foliant баспасы тағдырын шешетін болар. Мен өзім таныған Фаризамен бірге өткізген жылдар мен арман-тілегімізді жазып шықтым. Тағдырымда Фариза отағасымен қосылуымды іштей қалады. «Мен жалғыз қалдым-ау, ол менен алыстап кетті-ау» деген сынды арпалыстар да болғаны рас. Бірақ әлгі біреулер айтып жүргендей қызғаныш сезімі болған жоқ. Әлі күнге дейін Фаризаның інілері бізбен көрісіп тұрады. Олар бір-бірімен замандас, құрдас, бірге оқыған. Сондықтан бұл кітап ешкімге ешқандай сұрақ туғызбауға тиіс. «Менің Фаризам» – Фаризамен бірге өткерген жылдарымнан естелік.

– Қазақ поэзиясының ақтангері, марқұм ақын Қадыр Мырза Әлімен көрші болғаныңыздан хабардармыз. Осынау қаламы

қарымды тұлғалармен жақын тұру, өмірде де, өнерде де бағыттас болу шығармашылығыңызға қалай әсер етті?

– Шығармашылық жайлы әңгімелесуге менің мүлдем уақытым болмайтын. Балаларды балабақша, мектеп, түрлі үйірмелерге апару, онымен қоса өзімнің Жазушылар одағындағы қызметім, қала берді студенттер арасындағы жұмыс, ағайынның тірлігі бар еді. Сол уақытта басқа да ақындармен, көршілермен дастарқан басында отырып, оларға шай құйып жүріп ағадан көп нәрсені тыңдайтынмын. Ағамның маған арнап жазған өлеңінен байқағаным, «Әйелге ақын болу қиын ғой» деп жаны ашиды екен. Қадыр ағаның «Бай бақытты, балалар да бақытты, тек есікте жаутандап тұр жетім жыр» деп жазғаны бар. Ол күні бойы бөлмесінде кілттеніп алып кітап оқып, жазу жазып отыратын еді. Ал мен базардан, балабақшадан, мектептен сүйретіліп келе жатам. Сол кездері мен «жазушы болған соң ер азамат болған дұрыс екен ғой, бұл әйелдің шаруасы емес екен» деп ойлайтынмын. Қадыр аға сондай қамқор көңілмен әрқашан кітабында жазған автографтарында «Мықты қызсың!» деп қолдап отырды. Егер қолы босай қалса, аз ғана уақытқа «күйеу бала» деп өзімен бірге жолдасымды ертіп әкететін. Өкініштісі, мен онымен шығармашылық турасында әңгіме айта алмадым.

– Сексен жылдық ғұмырыңызда «әттеген-ай» деп еске алатын, орындалмай қалған арманыңыз бар ма?

– «Әттеген-ай» көп қой, қарағым. Уақыт тауып оқи алмаған кітаптар, жазылып жоғалған өлеңдер немесе кезінде соңына дейін тындыра алмаған шаруам қаншама?! Әйел заты болғандықтан ойында көп нәрсе болса да, барлығы бірдей іске аса бермейді екен. «Әттеген-айларым» толып жатыр. Қазір оған өкінгенмен, кеш. Бәлкім, орнын толтыратын кезі келер. Менің «әттеген-айым» сол – шығармашылық мүмкіндігімді толыққанды пайдалана алғаным жоқ. Ойымдағыны оқырманға беріп үлгермедім. Әрине, мен талай нәрсені жазуым керек еді. Дегенмен уақытым жетпеді. Әйелдік тірлік мені басынқырап кетті...

– Қазір ардақты ана, аяулы жар әрі халқы сүйген ұлт перзенттерінің бірісіз. Отбасылық өміріңіз де көпке үлгі деуге негіз бар. Сөзіміздің соңында ұрпақ тәрбиелетін қыз-келіншектерге қандай аналық кеңесіңізді айтар едіңіз?

– Сен өмірге келдің бе, алдымен қалай абыройлы қыз болам деп ойлауың тиіс. Аузын абайлап ашып, аяғын байқап басуы керек. Көрінген сөзді айтып, көргенсіз болуды «батылдығым» деп ойлап жүргендер, көрінген жерге барып еркіндігім осы екен деген қыздар қателеседі. Қазақтың о бастан ата-баба арқылы келе жатқан тәрбиесі – қызды қырық үйден тыю. Қыздың жолы – жіңішке. Қыз – ұлттың анасы. Қыз – өмірдің сұлулығы. Әрбір қыз «Мен сұлулыққа жаралдым ғой, ендеше сол сұлу өмірді бұзбайын» деп осы түсінікті есінен шығармауға тиіс. Арпылдап сөйлеу, тарқылдап күлу – қазақ қызына, жалпы әйел затына жараспайды. Ұлттық тәрбиенің шеңберінен шығып кетудің соңы жақсылыққа апармайды. Сүрінесің, құлайсың. Ал сүрініп, құлағаннан кейін қайта аяққа тұру – қыз балаға үлкен жүк, үлкен соққы. Тіпті, одан кейбір қыздар бойын тіктей алмайды. Сондықтан сүрінбеудің жолын басынан іздеу қажет. Қазақ қызы өзін намысты, арлы, сұлу, кез келгенінің қолы жете бермейтін деңгейде ұстауға тиіс. Тағы бір айтарым, қазақ қызы мейіріммен женеді. Ананы сыйлауды білсе, адам баласы қор болмайды.

– Әңгімеңізге рақмет! Ғұмырлы болыңыз!

ағылшын тілінде де білім алып жатыр. Сондықтан идеологияны жанұя институты, қазақ ұлтының өзіндік дәстүрді сақтауы және парасатты тіршілік жайына бұруымыз қажет.

– Еліміздегі білім ошақтарының кітапханашылары еңбектің лайықты түрде бағаланбайтынын айтып ашынады. Сіз сұхбаттарыңыздың бірінде ұлттық тәрбиеге үлкен идеология қажет, ал сол идеологияны қалыптастыру үшін кітапхана мәселесін жолға қою аса маңызды екенін атап өттіңіз. Осы пікіріңізді тарқатып өтесіз бе?

– Біз егемендік алған жылдары Түркияда медицинаның кіші қызметкерлері жоқ еді. Ал қазір керісінше Түркияның медицинасы оқ бойы озып шықты. Мемлекет медицина саласында ғана емес, өзге де ба-



## ТҮЙТКІЛ

14 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

Елорданың тап іргесінде орналасса да қарапайым қажеттіліктерге қол жеткізе алмай жатқан ауылдар жетерлік. Әсіресе, аршалылық бір-неше ауылдағы ағайын басты байлық – денсаулық саласындағы келеңсіздіктерден әбден қажығанын айтады. Ащы жанайқайын жергілікті құзырлы органдардан бастап министрлікке дейін талай мәрте хабардар еткенімен ауылдардағы медициналық емдеу мекемелерінің сапасы сын көтермейді. Жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Жедел жәрдем көлігі жоққа тән. Салдарынан ауылдағы ақ халаттылар қабырғалары қақырап, төбелерінен су сорғалайтын тозған ғимаратта жұмыс істеуге мәжбүр. Мұнымен қоса, тиісті құрылғылары жоқ ескі жедел жәрдем көлігі күнара бұзылып қалатынын айтады. Ал ауыл тұрғындары жекеменшік әрі жабдықталмаған жекеменшік көліктерді жалдап аудандық ауруханаға баруға мәжбүр.

# АЙҒА ЖЕТПЕС АРШАЛЫ ЗАРЫ

**А** Абзал  
АЛПЫСБАЙҰЛЫ,  
Ақмола облысы

Түйткілді мәселе Аршалы ауданына қарасты Константинов, Белоярка, Шортанды ауылдарының тұрғындарын аса қатты алдандатып отыр. Бүгінде 1500 адамға жуық халық түтін түтететін ауылдарда медициналық жағдай аса мүшкіл жағдайға жеткен. Бұл жолы жоғарыда аталған ауылдарда тұратын жұртшылығы ауылдағы медицина саласындағы халықтың шымбайына батқан ауыр жағдайды бүге-шігесіне дейін баян етті.

Тұрғындардың айтуынша, үш бірдей ауылдағы қалың қауымға жалғыз жедел жәрдем көлігі жеткіліксіз болып тұр. Әрі оның жүргенінен сынып тұрғаны көп. Салдарынан, тұрғындар аудан орталығына үнемі науқастарды шырылдап жүріп, көлік іздеп оны жалдап жеткізетінін айтады. Мұнымен қоса, халыққа ем-дом жасайтын ақ халатты дәрігерлердің де мардымсыз жалақыға жұмыс істеп жүргені айтылмай қалмады.

– Аршалы ауданына қарасты біздің Белоярка, Константинов, Шортанды ауылындағы жұртшылық ащы жанайқайымызды биліктің құлағына жеткізе алмай келеміз. Бізде үш ауылда тек бір ғана жабдықталмаған әрі тозығы жеткен жедел жәрдем көлігі бар. Үнемі бұзылып жөндеуде жатады. Оның өзін жергілікті шаруашылық серіктестік берген. Сондықтан тұрғындар жеке жүргізушілерден аудан орталығына жеткізіп тастауға, өтінуге мәжбүр. Ал оның өзі аз қаржы емес. Кім көрінген келісе де бермейді. Бізде ауылда балалар мен жасы жеткен зейнеткер адам көп. Мен өз басым көп жағдайда науқас адамдарды көлігімен тегін де, кейде жанармай үшін ғана қаражат алып апарып келемін. Өйткені халықтың мұң-мұқтажын көріп, жеткізіп салмауға арым жібермейді. Ал ауруханаларда науқастарды қабылдайтын мүлде жағдай жоқ. Тіпті, алғашқы жәрдем көр-



сететін дәрі-дәрмектер де тапшы. Қалыпты жағдайдағы медициналық тексерістен өту мүмкін емес. Ауруханаларымыздың халі мүшкіл. Константинов ауылындағы аурухана кабинеттерінің бәрінде қабырғалар қақырап, төбелерінен су сорғалайды. Ешқандай жөндеу жұмыстары жүрмейді. Дәрігерлер азғантай жалақы алып, тіпті жылыну үшін жамылғыны (плед) өз қаржысына сатып алады. Өздері жуады. Тіпті, мұнда әжегхана да жоқ. Электр сымдары үнемі қысқа тұйықталып жатады. Жергілікті шаруа қожалығының басшысы Маленченко үнемдегіш фонарь сатып әперген. Дәрігерлер еш көмек бере алмайды. Өйткені жедел жәрдем көлігінде еш жабдық жоқ. Біздің әкім де, депутатымыз да еш назар да салмай отыр. Ал үш бірдей ауылға басты қажеттілік үш бірдей медициналық ғимараттың жайы аса мүшкіл, – дейді аршалылық тұрғын Ирина Аксенова.

Тұрғындар егер бір медбике бір ауылға балаларға екпе салуға кетсе екі бірдей ауыл көліксіз қалатынын айтады. Мұнымен қоса, тұрғындар қарапайым ауруханағы қыз-келіншектердің мардымсыз төрт сағаттық жалақыға жұмыс істеп жүргенін айтады. Түйткілді мәселені алдымен Ақмола облысының Денсаулық сақтау басқармасынан анықтамақ болдық.



Басқарманың баспасөз қызметі мәселені өздері де сол аудандық ауруханадан алатын болғандықтан Аршалы аудандық аурухана басшылығынан сұрауымызды өтінді.

– Толыққанды сұрақтарыңызға жауап алу үшін аудандық аурухананың бас дәрігеріне хабарласқаныңыз жөн болар, – деді Ақмола облыстық Денсаулық сақтау басқармасының баспасөз хатшысы Камила Әбделманова.

Содан мәселенің ақ-қарасын анықтау үшін Аршалы аудандық ауруханасының басшылығымен тілдестік. Аурухана басшысының айтуынша, жоғарыда аталған ауылдарға құрылғылары бар көлік берілмейді. Сондай-ақ әзірге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу де жоспарға енгізіл-



меген. Дегенмен ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп тұрады.

– Қазір Константинов селосында 939, Шортандыда 209, Белоярка селосында 217 адам тұрып жатыр. Көлік Константинов селосындағы дәрігерлік амбулаторияға бекітілген. Ол Белоярка мен Шортанды ауылдарына да қызмет көрсетеді. 2017 жылғы УАЗ маркалы көлік жартылай тозғаны рас. Сегіз жыл пайдалану кезінде екі мәрте жөндеу жүргізілді. Салдарынан көлік ұзақ уақытқа орташа бір аптаға тұрып қалды. Дегенмен орнына басқа машина ұсынылған. Осы жылы аталған көлік 3-4 мәрте бұзылып қосалқы бөлшектерді жеткізудің ұзақтығына байланысты әрі жөндеу жұмыстарымен 1-2 тәулікке тоқтап қалған. Константинов дәрігерлік амбулаториясына қажетті медициналық жабдығы бар санитарлық автокөлікті сатып алуға осы жылдың басында жергілікті бюджет есебінен об-

лығына байланысты тек 2026 жылға ғана жоспарланыпты.

– Иә, Константинов амбулаториясы сонау 1958 жылы салынған ғимарат. Жүз пайызға тозған. Өңірлік инфрақұрылымдық даму жоспарына сәйкес құрылыс тек 2026 жылға жоспарланып отыр. Демеушілердің көмегімен биыл ғимараттың шатырына ағымдағы жөндеу жүргізілген. Шортанды медициналық пункті ғимараты 1969 жылы салынған. Бұл ғимараттың да толықтай тозғаны рас. Құрылыс 2030 жылға жоспарланып отыр. Белоярка медициналық пункті 1988 жылы пайдалануға берілген. Бейімделген бұл ғимарат та қазір 100 пайызға тозған. Құрылыс жұмыстары 2029 жылға көзделіп отыр. Дегенмен аталған ғимараттардың қабырғалары қақырап, төбелерінен су ағып жатқан жоқ, – деп толықтырды Кенжеболат Қабдәшұлы.

Медициналық мекеме басшылығы ауыл дәрігерлері мен медициналық персоналдарының жалақы жағдайының да талапқа сай екенін айтып ақталды. Бас дәрігердің мәліметінше, Константинов ауруханасында штаттық кестеге сәйкес 14,5 штаттық бірлік бар. Бір жалпы тәжірибе дәрігері, 5,75 орта медициналық персонал мен 2 мөлшерлемелі санитар және 5,5 басқа қызметкерлер мөлшерлемесі бар.

– Барлық дәрігерлер мен орта буынды және санитарлар мен жүргізушілер сияқты жұмысшылар штаттық кестеге сәйкес жалақыларын алады. Тек жарты ставкалы санитар мен әлеуметтік қызметкер күніне 4 сағаттық жұмыс күнімен табелденеді. Жалақы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсанындағы «Мемлекеттік бюджет қаржысы есебінен жұмыс істейтін ұйым қызметкерлерін азаматтық қызметкерлердің еңбек ақысын төлеу жүйесі туралы» қаулысына сәйкес бекітілген, – дейді бас дәрігер.

Қалай дегенмен де ауылдағы денсаулық сақтау саласының шектен тыс асқынып тұрғанын аңғару қиын емес. Құзырлы органдар мен министрлік халықтың басты байлығы – денсаулық сақтау саласына, әсіресе ауылдық емдеу мекемелерінің жай-күйіне селсоқ қарау болашағымыз үшін де қауіпті екенін естен шығармаса дейміз...



## МЕРЕЙ

14 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ



Ойы жүйрік болмай, журналистің қаламы жүрдек болмайды. Біз білетін Серік Жанболат әр кез ұшқыр ойын біліммен суарып, ізденістен іргесін ажыратқан емес. Бұл күнде қылп еткенді қиырдан шалатын қыран Серікті балапан кезінен білетіндіктен, оның қанатын қатайтқан шығармашылық өрлеу жылдарының куәсіміз. Албырт жастық кезеңді бірге кешкен замандасы, әріптесі ретінде айтайын, айналадағы әр құбылысқа сезімталдықпен қарайтын сергектігі мен серілік мінезі сол шақтан-ақ бар Секең сол кездің өзінде-ақ өнер мен шығармашылықты қатар алып жүрді.

жинау экспедициясын ұйымдастырды.

Бұдан бөлек, елге белгілі сазгер, Бүкілодақтық фестивальдердің лауреаты әкесі Мейрамбек Жанболат пен аймақтың күміс көмей әншісі ретінде танылған анасы Үміткен Жәлелованың ізімен 70-ке жуық әнді дүниеге әкелген әуесқой композитор. «Шығысым менің!», «Семейім — еркем», «Шыңғыстау аруы» секілді және тағы басқа көптеген әні үлкен сахнада орындалып жүргеніне ел куә. Туындыларының қайсысын алсаңыз да, отаншылдықты оятатын ұлттық рухтағы дүниелер.

Серік Жанболат — елге танымал баспасөз майталманы. Қазір қалай екенін білмедім, бұрын журналистер арасында «телевизия саласында қызмет еткен журналист газет журналисі бола алмайды, болған күннің өзінде газет журналисінің деңгейінде мақала жазуы, баспасөзге машықтануы неғайбыл» деген пікір қалыптасқан. Серік осы пікірдің тас талқанның шығарды.

Әуелі университет қабырғасында жүргенде Қазақ теледидарының жастар редакциясында студенттердің «Ақиқат» пікірталас клубының тізгінін ұстады. Осы кезден бастап ол Кеңес үкіметі тұсында телеақпарат таратудағы әбден сіресіп қалған қасаң әдетті қақырата сөгетін жаңа жол іздеді. Жаңа идеясын жүзеге асырғанша жаны байыз таппайтын Серік университетті тәмамдай салысымен Қазақ республикалық телевизиясының «Жастар» бағдарламасы редакциясына редакторлық қызметке келді. Ол жай келген жоқ, жасын мінезімен жарқ етіп, тележурналистикаға жаңа леп ала келді.

Бұл — Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары еді. Бодандықтан бойын енді жиған елге ауыр кезең болатын. Қаламы ұшқыр журналист, білікті маман Серік Жанболат еліміздің егемен телевизиясын, оның кейін ел мойындаған ұлттық бағдарламаларын қалыптастыруда, мемлекеттің бағдары мен әлеметтік-экономикалық даму саясатын халыққа жеткізуде аянған жоқ.

Серік Жанболат жасындай жарқ еткен «Ар жастар студиясы» осы күнге дейін ел есінде.

«Мұрагер» шығармашылық бірлестігіне бас редактор орынбасары болып тағайындалған тұсында қазақ телевизиясында үлкен бетбұрыс болған бағдарламалар жасады.

Серік миллиондар бас алмай қараған «Әнші балапан», «Сықырлы қазан» сияқты еліміздегі бірінші телерадиомарафон сияқты жобаларға үлкен үлес қосты.

Ол өзі авторы және ұйымдастырушысы болған «Жігіттің сұлтаны», «Үкілі үміт», «Тайбырыл» ат спорты және «Қазақтың Қажымұқаны», тағы басқа да тележоба түсірілімдері бүгінде еліміздің алтын қорына айналды.

Бұл тек саяси азаттық алған кезең ғана емес, еліміздің өз ақпараттық кеңістігін қалыптастыру кезеңі болатын. Яғни, телеарналар Кеңес заманындағыдай мемлекетке масыл болмай, нарыққа бейімделуі

# ӨЗ ӘЛЕМІ БАР ӨЗГЕШЕ ҚАЛАМГЕР

кажет еді. Қазақ теледидарын нарыққа бейімдеу шарасы барысында «Бағдар» (түнгі ойынсауық клубы) студиясы құрылып, білікті маман, жас әрі идеяшыл шебер журналист Серік Жанболат «Бағдар» студиясының бас редакторының орынбасары болып бекітілді.

Серік Жанболаттың басқа журналистерден айырмашылы-

басшылығы «Ақшам» ақпарат бағдарламасының редакторы қызметіне тағайындалды. Сол тәрізді «Гала» ТВ студиясы НЭП бағдарламасының жүргізушісі әрі тілшісі ретінде шақырғанда да озық аналитик маман ретінде көзге түсті.

Телевизия саласында әжептәуір тәжірибе жинақтаған, тележурналист ретінде толыққан

бағдарламасының редакторы әрі жүргізушісі қызметтерін атқаруы оны кәсіби маман ретінде жаңа белеске көтерді. Ол еліміздегі ең танымал журналистер қатарынан көрінді. Тіпті, ол осы кезеңде Мемлекет басшысының жұртшылықпен тікелей эфирдегі екі сағаттық жүздесуін жүргізді.

Серіктің өз әлемі бар. Журналистік, продюсерлік, редакторлық

Ол қазақ баспасөзі тарихында тұңғыш рет күнделікті ақпарат тарататын «Айқын» республикалық қоғамдық-саяси газетінің іргетасын қалап, ұйымдастырып, жарыққа шығарды. Айналасы бір жылға толар-толмас уақыт ішінде «Айқын» газетін еліміздегі баспасөз айдынынан өз орнын ойып тұрып алған белді басылымға айналдыра алды. Қазір еліміздің бас газеттерінің бірі.

Көп ұзамай, «Алаш айнасы» республикалық қоғамдық-саяси ақпараттық газетінің редакциясын жасақтауға кірісіп, 2009 жылдың басында ақпарат айдынына шығарды. Аз ғана мерзім ішінде басылым еліміздің ақпарат кеңістігінде айрықша көзге түсіп, өз оқырмандарын тапты.

Бұдан бөлек, Серік Жанболат жаңа заманда жаңғырған журналистиканың IT салаға өтуі бойынша да үлес қосып, tengrinews.kz және «Алаш айнасы» порталдарының қазақша нұсқасын жасады.

Еңбек елеусіз қалмайды. Ел мүддесі үшін жасаған ерен еңбегі еленіп, талмай ізденетін талантты журналист, білімді маман, білікті ұйымдастырушы ретінде танылған Серік Жанболат Президент сыйлығының, «Құрмет» орденінің иегері, мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистері академиясының академигі атанды.

Бүгін 60-ты алқымдап отырған Серік Жанболат Тәуелсіз мемлекетіміздің заманауи баспасөзін қалыптастыруда үлкен еңбек сіңірген қаламгер, өзіндік қолтаңбасымен өміршең дүниелер туғызған тұлға.

Әділбек ҚАБА



ғы, тілі шұрайлы қаламгер ғана емес, ол — мықты аналитик. Оның бұл қырына қызметтес болған әріптестері қанық. Қандай да жобаны қолға алардан бұрын ол жан-жақты сараптап алғанды әдетке айналдырған. Секеннің осы қасиетін мойындаған сала

Серік Жанболаттың «Хабар» телеарнасына «Сәлем, Қазақстан» таңғы ақпараттық-сауық бағдарламасының продюсері қызметіне шақырылуы сол жылы ақпараттық бағдарламалар дирекциясына жүргізуші, продюсер, «Жеті күн» ақпараттық-сараптау

қызметінен бөлек ол ел, жер тарихына, ұлттық руханиятқа қатысты іргелі істерге де белсене араласып, құндылықтарды құнтауға да өз үлесін қосты. Нақтырақ айтқанда, Үкімет тапсырмасымен Семей өңірінде Абай, Мұхтар, Шәкәрім мұраларын



## Сәкен СЕЙФУЛЛИН – 130

14 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

Биыл Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығы, мерейлі мерекесі аталып өтіп жатыр. Сәкентану туралы ұзақ зерттеген ғалымдардың бірі Тұрсынбек Кәкішев екені даусыз. Сәкенді бүгешүгесіне дейін қалдырмай зерттегенін сәкентануға қосылған ғылыми еңбектерінен-ақ бағалауға болады. Бірақ біздің бүгінгі айтқымыз келіп отырған дүние – Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешу» романы хақында.

**Гүлзина БЕКТАС**



## «ТАР ЖОЛ, ТАЙҒАҚ КЕШУДІ»

### ТҮПНҰСҚАДАН ОҚИЫҚ

Сәкеннің «тар жол, тайғақ кешкен» жылдары туралы аз жазылған жоқ. Тіпті, «Тар жол, тайғақ кешуі» туралы Тұрсынбек Кәкішұлы мен Күләш Ахметова романның тағдыры туралы арнайы зерттеу еңбектерінде жазып, әр жылғы шығарылымы мен ондағы өзгешеліктер туралы оң пікірлерін айтқанын білеміз.

Ғалым Күләш Ахметова біз роман туралы сауал қойғанымызда: «Кітап алғаш рет араб қарпімен 1927 жылы Қызылордада Ахмет Байтұрсынұлының шифрымен жарыққа шыққан. Онда Сәкен Алаш азаматтарының барлығын достары ретінде суреттерін береді. Өзі Ахмет Байтұрсынұлының қасында отырған. Бірінші шыққан басылым мен соңғы 1936 жылы шыққан басылымдардың арасында жер мен көктей айырмашылық бар. Көркем шығармадағы тарихи шындық деген тақырыпта 1995 жылы кандидаттық диссертация қорғадым. Айтайын дегенім, «Тар жол, тайғақ кешуде» айтылатын Алаш азаматына қатысты тарихи фактілердің барлығын Сәкен «Қазақ» газеті мен «Сарыарқадан» алып отырған. Әрқайсысының уақытын, газеттің қай санынан алынғанын көрсетеді. Қазіргі «Тар жол, тайғақ кешуді» ең бірінші Сталинге домалақ арыз есебінде жазды дегеннің бәрі қиял. Мені өкіндіретіні – осындай өтірік, қате пікірлердің зерттеуші, ғалымдардың аузынан шығатыны» деген еді.

Сәкеннің ең алғашқы 1927 жылы шыққан романы Астана қаласындағы Сәкен Сейфуллин музейінде сақтаулы тұр. Алғашқы нұсқа да, кейінгі «өзгеріске» түскен жинақты да музейден көруге болады. 1927 жылғы кітап араб қарпімен басылған. Кейінгісі – латын әрпіне.

Бұл роман XX ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясы туралы жазылған энциклопедия десек те болады. Бұл роман алғашқы нұсқасынан кейін бірнеше рет басылды. Яғни, кейінгі басылымдарының көбі 1936 жылғы нұсқаны қайталағанын айтады ғалымдар. 1960, 1977 және 1988 жылғы нұсқаларын оқыған адам алғашқы 1927 жылғы нұсқадағы айырманың жер мен көктей екенін сезер еді. Ол неге толықтырылды болмаса, неге өзгеріске ұшырады деген сауалға соңыра қайта соғармыз. Романның бұрмалануының бірнеше себептерін алаштанушы Елдос Токтарбай да жазады. Ол: «Әуелгі сөз – аз-маз роман хақында бол-

сын. Бұл роман – сол кездегі қоғамдық – саяси өмірдің көркем шежіресі іспеттес тарихи тұрғыдан баяндалған мемуарлық шығарма. «Тар жол, тайғақ кешудің» алғашқы бөлімдері 1922 жылдан бастап «Қызыл Қазақстан» журналында жарық көрген. Романның негізгі сюжеті – сол уақыттағы қазақ даласында болған ірі саяси оқиғалар. Мысалы, Г.Львов пен А.Керенский басқарған Уақытша Үкімет, Алаш қайраткерлері құрған «Алашорда» ұлттық автономиясы, әртүрлі бағыттағы ұйымдардың құрылуы сияқты ірі тарихи оқиғалардың басы-қасында болған Сәкен Сейфуллин өзінің көргенін, білгенін тарихқа қалдыру үшін, Ұлы Қазан төңкерісінен бастап қағазға түсіріп, оны көлемді романды арқау етті. Роман сол мезетте-ақ, өз алдына жеке кітап болып басыпана шығып, оқырманымен қауышты. Ол уақытта барлық Алаш қайраткерлерінің көзі тірі еді. Тек Нәзір Төрөқұлов қана осы романдағы оқиғаларға шүйлігіп, сынап-мінеп шу шығарған болатын. Роман желісінде Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Айдархан Тұрлыбайұлы, Мұстафа Шоқай бастаған алаш азаматтары хақында автор өзінің ойын ашық айтқан еді. Осы аталған тізімдегілердің бірде бірі Сәкенге тірісінде «романындағы жазғандарың қате» деп тас атпаған», – дейді.

Алаштанушының айтуынша, қызыл қырғын басталған 1936-37 жылдары романды кінәлайтын-дардың қатары артқан секілді. Өйткені НКВД Алаш қайраткерлерін де, Сәкенді де аман қалдырмады. Ал роман «Алашорданың» ұлттық-территориялық автономиясының құрылуы және оның бағыт-бағдары жайында жазылған тұңғыш тарих дерек боп саналатыны сондықтан.

«Алашорда ісін қарастырап болсақ, бірінші болып Сәкеннің осы романын қолға аламыз. Себебі: Т.Кәкішұлының тәмсіліне салып айтсақ, роман – XX ғасырдың

де «Тар жол, тайғақ кешу» туралы бірнеше сауал қойдык.

– Сәкеннің ең керемет еңбегі 1927 жылы араб қарпімен шыққан, араб қарпімен өзі жазған – «Тар жол, тайғақ кешу». Бұл кітаптың тағы бір ерекшелігі – «Қазақ» газеті, «Сарыарқа» журналдарында үзінді кылып жариялаған. Мәселен, Әлихан Бөкейханның Семейге келуін толығымен береді. Ал «Тар жол, тайғақ кешудің» 1936 жылы шыққан кітабында оның бәрін қиып тастаған. Оның редакторлары Сәбит Мұқановтар болды, алып тастаған – солар. Сол кезде Сәкеннің өзі тірі, бірақ кітабын өзгелер шығарады. Өзі тірі жүрген адамның кітабына құрасытырушы, жауапты Сәбит Мұқанов болады. Өзін жолатпаған. Сәкеннің 1927 жылы шыққан кітабы – классика.

Олай дейтініміз – мен «Сәкен Сейфуллин – Совнарком төрағасы» деген кітап жаздым. Сол кітапқа біраз құжаттарды кіргіздім.

Оған 1937 жылы тағылған айыптың бірі: «Ахмет Байтұр-

кана фактіні көрсетеді. Ал екінші нұсқасында редакторлардан қосылған айыптаулар бар, соны көрсетеді, – дейді Марат Әбсеметов.

Ұзақ жылдар бойы Міржақып Дулатұлын зерттеген ғалымның сәкентануға қалай келгенін де сұрадық. Міржақып Дулатұлы – Алаш қайраткері. Сәкенді соңғы кезге дейін Алашқа қарсы деп айып тағып келдік. Әлі де солай бұрмалап, айтатындар көп. Оның бір дәлелі – «Тар жол, тайғақ кешу» романы деп айтып жүргендер де бар. Ал кітаптың қалай бұрмаланғаны белгілі.

«Мен Міржақыптан Сәкенге келуімнің бір себебі – сол Сейфуллин туған ауылда туып өстім. Сәкен Сейфуллиннің ұрпағы, немересі Сәкен Сейфуллин деген жігіт менің досым болды. Сәкеннің Мәжит деген інісі бар. Мәжиттен Орынбек, Орынбектен – Сәкен. Ерте кезден екеуіміз доспыз. Содан Мәжиттің әйелі Әмина апай Сейфолла – Сәкен қара шаңырағының келіні. Әмина апай – сол шаңырақтың ұйытқысы болған кісі. Сол Әмина апа мені көрген сайын: «Марат-ау, Ахметті, Міржақыпты жазып жатырсың, Сәкенді де жазбайсың ба?» деп жиі айтатын. Әмина апа Сәкенді «Тәкен» деп атайтын. Бір күні келсем, Әмина апа қайтыс болыпты. Құран оқыдык. Сол күні апа түсіме кірді. Түсімде Әмина апа: «Марат, Тұрсынбек үйімізде тұрды, оқыды. Бірақ олар бір нәрсені айтпады. Соны мен айтып едім, тағы да айтамын. Осы жерде қоңыр үй бар, ішінде құжаттар бар. Сол жерден шығар», – деді. Оянып кеттім. Қоңыр үй дегені – Алматыдағы Абай 39, архив. Сол жерге барсам, құжаттары тұнып тұр. Біреуі жазбаған. Соны алып зерттеп, біраз архивтерді ақтарып, Орынборға да барып, Сәкен мұрасын зерттей бастадым», – дейді ғалым.

1927 жылы шыққан құнды кітапты музейге Әмина Сейфуллина 1994 жылдың 29 желтоқсанында өткізіпті. Музейдің архивінде өткізген күні, қолы қойылған папка тұр. Одан бері де отыз жыл өтіпті. Отыз жыл ішінде кітаптың алғашқы нұсқасы аударылмағанына таңдандык. 1936 жылғы нұсқасынан кейін де лито тарапынан «толықтыру» жұмыстары жүргенін білдік. Толықтыру жұмыстары жүргізілетін де себебі бар: социалистік идеологиялық саясат қырағықтанатып, «қайшымен» қырқып отырды. Ал ол цензура Алашорда автономиясын тарихта болмаған, құрылмаған етіп көрсетуге, қазақты оқымаған халық етіп ұғындыруға аянбай еңбек еткен. Жинақтың бұрмаланып, өзгеріп кетуінің басты себебі осы болса керек.

«Қазақты «қазақ» дейік, қатені түзейік» деген Сәкен Сейфуллиннің өз сөзімен айтқанда: «Тар жол, тайғақ кешудің» бұрмаланбаған нұсқасын қайта аударып, қатені түзеткеніміз абзал болар. Бұл енді тарихшы ғалымдардың еншісіндегі дүние болуға тиіс. Әйтпесе, тарихқа да, қайраткерге де обал жасаймыз. Тарих пен тарихи тұлғалар үнемі – ел назарында. Алаш пен Сәкенді бір-біріне қарсы қойып, саясаттың сойылсоғар тәсіліне айналдыру ұлттымызға опа бере қоймас. Тарихи әділдікті қаласақ, Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешуі» түпнұсқа калпында халыққа қайта оралуы қажет. Сонда желдің қай жақтан соққаны, кітаптың мың сан өзгертілуі және идеологиялық ұстанымдар айырмашылығы айқын көрінер еді. Бұл сәкентану ісіне қосылған үлкен олжа болары анық.



энциклопедиялық анықтамасы. Бүгінгі күні біз біле бермейтін көптеген Алаш қайраткерлерімен идеялас, ниеттес болған азаматтардың есімі мен бостандық осы романды атқарған қызметін осы романдан кездестіруге болады. Әлі де болса Алаш қозғалысындағы белгісіз оқиғалар мен қозғалысқа белсене атсалысқан азаматтар жайында тың мәліметті осы роман аясынан іздеуге болады», – дейді Елдос Токтарбай.

Бұған дейін романның әрбір нұсқасын түпнұсқамен салыстырып, әлі күнге дейін текстологиялық тұрғыдан толық талдау жасалмағанын, осы олқылықтың орнын толтыру қажет екенін айтып, ғалымдар мәселе көтерген еді. Түпнұсқа музейде сақталғандықтан оны кириллицаға неге аудармағаны бізге жұмбақ. Бірақ романды ғалымдар текстологиялық талдау жасалынып жатқаны туралы бұған дейін жазылған. Ал нақты шығарманың өзі қайта аударылып басылмаған секілді. Осы себепті де Сәкен мұрасын жинақтап, ел-жұртқа танытып отырған Астанадағы Сәкен Сейфуллин музейіне арнайы бардық. Әрі музейдің директоры, тарих ғылымдарының докторы, сәкентанушы Марат Әбсеметовке

сынуының шәкіртісің, «Тар жол, тайғақ кешуді» соның тапсырмасымен орындаған шығарсын» деген сұрақ қойылады. Себебі біз Алашорда жоқ десек, ондай партия жоқ, түк те болған жоқ, қазақ өзі жабайы халық болды. Сөйтсек, арасында оқығандары болған екен. Сол оқығандарын «Тар жол, тайғақ кешуде» көрсетті. Алашорданы көрсетті, сол партияны жариялады. «Сенің айыбың – сол» деп кінә таққан.

«Тар жол, тайғақ кешу» – беллетристика емес, роман емес, бұл – тарихи құжат кітап. Оны тарихшылар шығару керек. Бертін келе, бізде 3-4 жыл бұрын «Сыр сандық» сериясымен шықты. Бірақ ол жерде шыққанда комментариасын білу керек. Бұл жерде тарихшылар тарихи оқиғаларға баға беруі керек, филологтар шығарды деген болмайды. Оның бәрін тәптіштеп зерттеген жөн. Мәселен, Ермұхан Бекмахановтың Кенесары туралы 1943 жылы шыққан монографиясы бар, керемет жазылған. Ал біз оқыған «Тар жол, тайғақ кешу» – 1936 жылы шыққан нұсқасы. Ол орысшаға да аударылды, бірақ көп басқа да дүниелер қосылып кетті. Себебі бірінші кітапта Сәкен Алашорданы айыптамайды, тек



## ӨЗЕКТІ

14 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

Кеңестік кезеңде ақиқаты құпия «құлпына» таңылған орындар аз болмады. Алайда ел егемендігін жариялағаннан кейін жоғалғанымыз қайта табылып, ұмыт болғанымыз жаңғыра бастады. Міне, сондай жердің бірі – Жамбыл облысы Қордай ауданындағы Мұзбел ауылы. Аталған елді мекенде уранның ең көп мөлшері шығарылғанын жалпақ жұрт бұған дейін білмеген еді. Енді, міне, Кеңес дәуіріндегі атом өнеркәсібінің өркендеуіне сүбелі үлес қосқан ауыл жайлы ақиқат айтыла бастады.

**А** Саятхан САТЫЛҒАН,  
Жамбыл облысы

Жалпы, Мұзбел ауылы Жаудан орталығынан 40 шақырым жерде орналасқан. Қордай асуының қак ортасы, теңіз деңгейінен 1 200 метр биіктіктегі тау жоталарын бойлай орын тепкен елді мекенде бүгінде 30-ға тарта ғана түтін түтеп тұр. Асудағы ауылдың ауданға жақындағанына қарамастан мұндағы тіршілік кеңестік кезеңде құпия сақталып келген. Себебі мұнда уранның мол көлемі өндіріліп, атакты Панфилов дивизиясы да осында тұрақтаған. Сондай-ақ мұндағы қаз-қатар қойылған белгісіз тастар мен «Өлі көл» аталатын су айдыны да талай құпияны осы күнге дейін бүгіп жатыр.

Қордай жеріндегі алғашқы уран өндірісі сонау қыркыншы жылдардан бастау алады. Қуатты энергия көздерін іздестіріп, атом өнеркәсібін дамытуға мықтап кіріскен Кеңес үкіметі 1946 жылы құпия түрде «Волков» экспедициясын жасақтайды. Білікті геологтар мен түрлі сала мамандарынан құралған топ бірнеше бағытта Қазақстан аумағындағы уран кен орындарын барлау жұмыстарын жүргізіп, 1951 жылы ең алғашқы кен орнын анықтайды. Бұл «Курдайское» деп аталатын Мұзбелдегі уран кені еді. Сол кездегі геологтардың мәліметінше, оңтүстік Қазақстан аумағынан табылған бұл уран «провинциясы» әлемдегі ең үлкен уран қоры деп танылды. Осының арқасында Қазақстан өңдеуге жарамды әрі таза шикізат қоры жағынан әлемдегі көшбасшы елге айналды. Бұл жайында «Волковгеология» АҚ директорының орынбасары болған В.Северныйдың мынадай естелігі сақталған: «Қордайдың ураны КСРО аумағында, қала берді бүкіл әлемде өндіріліп жатқан уранның ішіндегі ең тазасы. Сондықтан алғаш атом өнеркәсібіне де, атом бомбасына да, «Чернобыль» АЭС-інде де дәл осы уран пайдаланылды. Әлемдегі уранның ең көп қоры да сол аумақта орналасқан», – дейді геолог жазбасында.

1952 жылы кен орны ашылғаннан кейін Мұзбелге жан-жақтан мамандар тартылып, ауылдағы тіршілік қайнап бастады.



# ҚОРДАЙ АСУЫНДАҒЫ УРАН: МҰЗБЕЛ АУЫЛЫ ЖАЙЛЫ АҚИҚАТ



Геологтар мен шахтерлар алғашында асудың асау табиғатымен арпалыса жүріп, ағаш күректер мен палаткаларда өмір сүрсе, кейіннен оларға арналған үйлер салынды. Ауылда қоғамдық орындар пайда болып, әлеуметтік нысандар бой көтерді. Кейбір деректерге сүйенсек, шахтаның ұңғымалары мен карьерлерін қазуға түзету мекемелерінде жазасын өтеушілер де қатысқан. Мұндағы жұмысшыларға тәулігіне 14 сағаттан демалысыз жұмыс істеуге тура келді. Қысы-жазы жұмыстың басым бөлігі колмен істелді. Өйткені техника жок, оның орнына есекке жегілген арбалар тартылды. Осы кезде шахтерлар мен «ала көйлекті» тұтқындардың арасында жан тапсырғандар аз болмаған көрінеді. Алайда бұл жайында бірде-бір

Қордай жеріндегі алғашқы уран өндірісі сонау қыркыншы жылдардан бастау алады. Қуатты энергия көздерін іздестіріп, атом өнеркәсібін дамытуға мықтап кіріскен Кеңес үкіметі 1946 жылы құпия түрде «Волков» экспедициясын жасақтайды. Білікті геологтар мен түрлі сала мамандарынан құралған топ бірнеше бағытта Қазақстан аумағындағы уран кен орындарын барлау жұмыстарын жүргізіп, 1951 жылы ең алғашқы кен орнын анықтайды. Бұл «Курдайское» деп аталатын Мұзбелдегі уран кені еді.

құжатта дерек жок. Бірақ шахтаның солтүстік-шығыс беткейіндегі қаз-қатар тізілген құпия тастарды кейбір дереккөздер осында қаза болған адамдардың құлыптастары деуде. Алыстан қарағанда көзге оғаш көрінетін ірі тастар арасында жіпке тізгендей түп-түзу орналасқан. Көлемі ірі, саны жүзден асады. Осы жайтқа байланысты «Волков» экспедициясының өкілі, геолог В.Северный естелігінде: «Рас, жұмыс оңай болған жок. Күн суық, қар қалың. Ауыл мен шахтаның ортасында адамдар боранды күні адаспас үшін темір арқан тартылатын. 1 келі таза уран алу үшін 1 тонна топырақты қопару қажет болса, бір реактордың жұмысына 50 тонна уран дайындалуы тиіс еді. Жұмыстың көлемі мен ауырлы-

ғын осыдан-ақ аңғаруға болады. Әрине, адам шығыны да болды, оны неге жоққа шығарайын. Егер біз геологтар идея үшін өз еркімізбен табанымызды тоздырсак, «ала көйлекті» азаматтар мерзімін өтеп жүрді...», – деп жазба қалдырған.

Шахтадағы жұмысшылардың қазасы уранның шыққан радиация емес, сол кездегі жұмыс жағдайының төмендігі және ауырлығынан болса керек. Себебі уран арнайы өңдеуден өтпейінше, яғни тыныш күйінде адам ағзасы мен қоршаған ортаға әсері әлсіз. Зияндысы – тек уранның бөлінуінен туындайтын радий мен родон. Осыны түсінген мамандар қиындықтарға қарамастан он жылдан астам уақыт бойы атомдық өнеркәсіп кешенінің тұрақты жұмысын қамтамасыз етіп отырған.

Кейіннен кеңестік билік уран өндірісін тиімсіз деп танып, 1967

табиғи жолмен «Өлі көл» су айдыны пайда болғаны таңғалдырады. Ауыл тұрғындарының айтуынша, көлдің тереңдігі 150 метрден асады екен. Батыстан шығысқа қарайғы ұзындығы 570 метр болса, ені 200 метрге жуық. Бір қарағанда табиғаттың тамаша сыйы. Алайда мұнда шомылуға, суды қандай да бір мақсатқа тұтынуға, тіпті жағалауында серуендеуге де тыйым салынған. Қазір көлдің айналасы тікенді сымдармен қоршалған. Сондықтан көл мен оның суының құрамы жайлы тереңірек мағлұмат алу мүмкін емес.

Мұзбелдегі тағы бір тарихи оқиға – мұнда Панфилов дивизиясы тұрақтаған. 1970 жылдардың орта шенінен 1980 жылдардың соңына дейін мұнда әйгілі генерал Панфилов атындағы 8-гвардиялық атқыштар дивизиясының 23-полкі орналасады. Үлкен гарнизонда артиллерия және танк, мотоатқыштар, зенитшілер мен саперлар батальоны сынды бірнеше әскери бөлімдер болған. Осы кезде Мұзбелдегі адам саны 10 мыңнан асып, Чехов атындағы зәулім мектеп, қос қабатты тұрғын үйлер, бірнеше балабақша мен тақтайдай түзу көшелер салынған.

– Мен осында туып-өстім, мектеп бітірдім. Уран өндіру жұмыстары аяқтала салысымен мұнда білдей бір гарнизон құрылды. Қазір айтсам сенбейсіздер, бірақ сол кезде Мұзбеліміз қанатын кенге жайып, гүлдене түсті. Ауылда саябақ, монша салынып, орталықтандырылған ауызсу жүйесі жүргізілді. Тұрғын үйлер мен әскери бөлімдердің барлығы бір типтес еді. Көшелері қаз-қатар түзу, жол жиектері әктелген, бір түйір артық шөп жаппайтын. Тіпті, өзге жерлерде «дефицит» болған заттар біздің әскери дүкенде сатылатын. Бұл аз десеніз, Кеңес Одағының батыры, панфиловшы В.Клочковтың музейі де, әскери зауыт та, банк филиалы да біздің ауылдан ашылған. Әттен, бүгін ол дүниелер келмеске кетті, – дейді ауыл ақсакалы Б.Күмісбеков күрсініп.

Қарияның сөзінен байқалған мұның себебі түсінікті. Бір кездері жайқалып тұрған мекеннің бүгінде шаны бұрқырап жатқаны өкінішті әрине. Десе де, өмір өзен бір орнында тоқтамайды. Кейінгі жылдары ауылдан бес келушіге арналған жаңа медициналық мекеме салынса, «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында жолы да ретке келтірілуде. Ал атомдық өндіріске пайдаланылған уранның орнын жаңғырмалы энергия көзі – жел электр стансалары алмастыруда. Қазір мұнда Vista International, «Ветро Инвест» және «Изен су» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің елуге тарта жел электр стансалары қойылған. Әр құрылғының биіктігі – 60 метр, салмағы – 180 тонна, ал өндірістік қуаттылығы жылына 50 миллион кВт/сағатты құрайды. Осының арқасында өңірдің электр энергияға тәуелділігі төмендеп, ондаған жаңа жұмыс орындары ашылған. Осылайша, Қордайдың қоңыр желі кәдеге жарап, Мұзбел ауылы да жаңа дәуірді бастан кешіруде. Кім біледі, бәлкім тағы бір ондаған жылдан кейін Мұзбел ауылы қайта түлеп, байырғы гүлденген кезеңіне оралар. Ол күнді кейінгі ұрпақ көреді деп сенеміз...



14 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

# ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ҰСЫНЫСЫ ЕСКЕРІЛЕДІ

Осыдан төрт жыл бұрынғы Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы азаматтардың барлық сындарлы сауалына жедел әрі тиімді жауап беретін «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру міндетін қойды. Содан бері билік пен қоғам арасындағы байланыс механизмдері жетілдірілді.

**А Назгүл  
НАЗАРБЕК,  
Түркістан облысы**

Бүгінде елімізде мемлекет пен азаматтар арасында түрлі бағытта кері байланыс арналары жұмыс істейді. Түркістан облысы әкімінің орынбасары Бейсенбай Тәжібаев бекітілген кесте негізінде әкімдіктің «Ашық әкімдік» және «AMANAT» партиясының Түркістан облыстық филиалы қоғамдық қабылдау алаңында әр тоқсанда бір реттен облыс халқын қабылдап, өз саласы бойынша өтініштілектерін білдіре келген тұрғындардың мұн-мұқтажына құлақ түріп келеді.

Облыс орталығы Түркістан қаласында өткен «Ашық әкімдік» кенесіндегі кезекті жеке қабылдау кезінде сан түрлі сұрақ пен проблема ортаға салынды. Бейсенбай Дәулетұлы жетекшілік ететін салалар білім, денсаулық, жастар бағыттарынан бөлек жұмыссыздық, мүгедектігі бар азаматтардың талап-тілектері қаралды.

Мәселен, Сауран ауданынан келген азамат мектеп директорын

ротациялау жайын сөз етті. Жетісайлық кәсіпкер жекеменшік бала бақша мәселесін қозғады. Оған мониторинг тобының хаттамасына сәйкес кемшіліктерді жою қажет екені түсіндірілді. Арыс қаласының тұрғыны аурухана дәрігерлерінің біліктілігіне шағымданып, медициналық мекемені КТ аппаратымен қамтуды сұрады. Айта кетейік, қазір облыс дәрігерлері біліктілігін арттыру мақсатында Астана қаласында тәжірибе алмасуда. Сонымен қатар резидентура бойынша білім алуға облыс жастарына 139 грант қарастырылған. Ауылдық жерлерде маман тапшылығын шешу үшін білікті жас дәрігерлерді жоғары оқу орындарында даярлап, елді мекендерге жұмыс істеуге жіберу жоспарлануда. Облыс бойынша 3 КТ аппараты алынып, біреуін Арыс қаласында орнату көзделіп отыр. Денсаулық саласы бойынша шағым айта келген азаматқа осындай жетістіктер түсіндіріліп, барлығы да рет-ретімен түзеліп келе жатқаны айтылды.

Түркістан қаласынан келген азаматшалар жекеменшік балабақшада 6 ай көлемінде еңбекақысыз

жұмыс істеп жүргенін алға тартты. Бұл мәселе бойынша өтініш иелерінің арызы негізінде облыстық Бақылау жөніндегі басқармасы тарапынан заң шеңберінде қаралды және аталған мекемеге тексеру жұмыстары жүргізілді. Бұдан бөлек, электронды қоларба алу, мектепке жұмысқа орналасу, аудандық Жастар орталығының жұмысы туралы ұсыныстар айтылды. Бейсенбай Тәжібаев көтерілген әрбір мәселе хаттамаға енгізіліп, заң шеңберінде қаралатынын жеткізді. «Жалпы, әрбір өтінішті заң аясында талдап, жауап міндетті түрде жолдайтын боламыз. Ай сайынғы қоғамдық қабылдауымда өңір халқының мұн-мұқтажын тыңдап, оң шешілуіне ықпал жасауға әркез дайынмын», — дейді облыс әкімінің орынбасары.

Ал «AMANAT» партиясының Түркістан облыстық филиалы қоғамдық қабылдау алаңында тұрғындарды қабылдаған Бейсенбай Дәулетұлына білім, денсаулық және әлеуметтік салаға қатысты өтінім қалдырғандар қатары басымы болды. Қабылдауға алдын ала жазылған бірқатар тұрғын денсаулық және білім саласындағы кейбір түйткілді мәселелердің оңды шешілуіне ықпал етуін өтінді.

Түркістандық тұрғын Д.Ташекеева мектептен босатылғанын айтып, қайта жұмысқа орналасуға көмектесуін сұрады. Бейсенбай Дәулетұлы Түркістан облыстық Білім басқармасы басшысының орынбасары Ж.Нұрпейісовке өтініш иесін тұрақты жұмысқа орналастыру үшін бос орындарға конкурс жариялап, заңға сәйкес жұмысқа орналастыруды қарастыру бойынша тапсырма берді.



Ал Жетісай ауданының тұрғыны П.Биматов ауданның орталық ауруханасында 20-30 жылдан астам қызмет етіп келе жатқан ақ халатты абзал жандарға «Ерен еңбегі үшін» медалін беру туралы ұсынысын жеткізді.

Облыс әкімінің орынбасары аталған ұсыныстың дұрыстығын анықтап, бұл бойынша Түркістан облыстық Денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Б.Сатыбалдыға көпжылдық еңбегі бар азаматтарды марапаттау заң аясында жүргізілуі керекін айтты. Қабылдауда жер мәселесі де көтерілді. Түркістан облыстық Жер қатынастары басқармасына жеке қабылдаудың хаттамасы негізінде өтініш иелерінің мәселесін қарап, айтылған ұсыныстар бойынша жауапты мамандарға тапсырма берді.

Тағы бірде өткен қабылдауда тұрғындар тарапынан «Жаңа қала» шағынауданында балабақша ашу туралы ұсыныс берілді. Бала күтіміне байланысты жалақысы сақталмайтын демалысынан, жұмысқа қайта орналасу, оқу грантына қатысты түйткілдер де айтылды. Тұрғындардың бірі денсаулық жағдайына байланысты мүгедектік тобын қайта тағайындауды сұраса, жауап-

ты басқарма ай, тоқсан сайын мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған үйлестіру кеңесін өткізіп отырса деген тілегін жеткізді. Жазылушылардың мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдауды күшейту, инклюзивті орталық ашу жөнінде де өтініштері бар. Жұмыстан себепсіз шығып қалған мұғалім соттың шешімімен келіспейтінін, тағы бір тұрғын мүгедектігіне қолдау шараларын жүргізуді және тұрғын үй салуға жер учаскесін сұрады. Ашық форматта өткен бұл жолғы қабылдауға Шымкент, Түркістан және Кентау қаласынан, Сауран, Ордабасы, Қазығұрт, Сарыағаш, Түлкібас, Бәйдібек аудандарынан 16 азамат келді. Облыс әкімінің орынбасары Бейсенбай Дәулетұлы жеке қабылдауда тұрғындар тарапынан көтерілген әрбір мәселе хаттамаға енгізіліп, заң аясында тиісті жұмыстар жүргізілетінін атап өтті. Сонымен қатар өтініштер бақылауға алынатынын жеткізді. Жауапты басшыларға мәселелерді зерделеп, қысқа мерзімде шешуді тапсырды. Қоғамдық қабылдауларда көтерілген кез келген мәселе назарға алынып, бірі сол мәзетте шешімін тапса, бірінің онтайлы шешілуі уақыт талап етеді.

## Хабарландыру

**Сатып алуды ұйымдастырушы:** Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

**Сатып алудың әдісі:** Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 23-тармағы негізінде Университетке қарасты «Биология кафедрасының» биология зертханасына қажетті жабдықтарды сатып алу.

**Сатып алудың нысаны болып табылатын тауарларды жеткізу мерзімі:** тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін.

**Сатып алуға қатысу шарттары:** Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұраймыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын тауарларды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, жүкқұжат);
3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
4. Әлеуетті өнім берушінің тауардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың қажетті үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.
5. Әлеуетті өнім беруші ҚҚС төлеуші болса орындалатын жұмыстар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қарастыру керек.

6. Әлеуетті өнім берушінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы;

7. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында Әлеуетті өнім беруші ұсынылған жалпы сомасының кем дегенде 5% мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі шарт; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.САТТАРХАНОВ даңғылы, 29В, БСН 990440008043, БСК HSBKZKX, ЖСК KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Орындалатын жұмыстардың көлемін <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

**Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 18.09.2024 (12:00), №201 кабинет.**

**Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:**

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, парақшалар баулаанып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.

### «Резервтік спутник байланысы қызметтері» сатып алу бойынша қайта ашық тендердің нәтижесі туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Резервтік спутник байланысы қызметтері» сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізілмеді деп таниды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-01-50 телефоны арқылы алуға болады.

### Объявление о результатах повторного открытого тендера по закупке «Услуги резервной спутниковой связи»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает повторный открытый тендер по закупке «Услуги резервной спутниковой связи» — несостоявшимся.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50.

### «Апаттық спутниктік байланыс қызметтері» сатып алу бойынша қайта ашық тендердің нәтижесі туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Апаттық спутниктік байланыс қызметтері» сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізілмеді деп таниды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-01-50 телефоны арқылы алуға болады.

### Объявление о результатах повторного открытого тендера по закупке «Услуги аварийной спутниковой связи»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает повторный открытый тендер по закупке «Услуги аварийной спутниковой связи» — несостоявшимся.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50.



## РУХАНИЯТ

14 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

Кеше ғана аяқталған V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында 5 этноауыл жұмыс істеді. Этноауылдар «Қазанат» ипподромы, «Қазақ елі» монументі, «Ататүрік» паркі, «Бәйтерек» монументі және Орталық саябақ аумақтарында орналасқан еді.

### Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

«Қазанат» ипподромының жанында 10 гектар аумақта ашылған «Көшпенділер Әлемі» ауылына еліміздің әр аймағынан келген ақшанқан киізүйлер қаз-қатар тігілікті. Сән-салтанаты жарасып, халқымыздың ұлттық салт-дәстүрін, мәдениеті мен әдет-ғұрпын айшықтай түскен ауылға келуші көп. Көшпенділер ойынына қатысушылар мен тамашалауға келген қонақтар қазақ халқының қонақжай ниетіне дән риза. Этноауылдың көркі ерекше, тынысы бөлек. Ресми ақпарат бойынша үш күнде ауылға 70 мыңнан астам елорда тұрғындары, туристер және қонақтар келген. Оларға желсенділері мен еріктілері көмектесіп жүр. Еріктілердің киім үлгісі ерекше көз тартады. Көшпенділер ойындарының логотипі таңбаланған киім арнайы тапсырыспен тіктірілген. Ресми ақпаратқа сүйенсек, жалпы әлем елдері көз тіккен жарысқа атсалысу үшін 4,5 мыңнан астам адам ниет білдіріпті. Оның ішінде АҚШ, Түркия, Германия, Франция және Гана Республикасының азаматтары да бар.

— «World Nomad games – бұл қазақ елінің тарихын, бұрынғы салт-дәстүрлерін ғана емес, барлық түркі елдерінің салт-дәстүрін қайта жаңғыртып, барша әлемге таныстыру үшін жасалған қадам. Бұл ауқымды шараға атсалысу – біз үшін зор қуаныш», — дейді бір топ ерікті жастар.

Сәні мен салтанаты жарасқан этноауылда қазақтың бай мұрасы мен көшпелі өмір салтын тамашалауға барлық жағдай жасалыпты. V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны «Шаттық керуені» шеруімен басталып, орталық алаңға орнатылған тайказанға еліміздің



# ЭТНОАУЫЛ – ҰЛТТЫҚ РУХ пен МӘДЕНИЕТІМІЗДІҢ СИМВОЛЫ



20 аймағынан жеткізілген киелі су құйылып, ортақ қазанда дәм-тұзы жарасқан халқымыздың ынтымақ-ырысын салтанатпен паш етті. «Өнер ордасы» басты сахнасында еліміздің барлық дерлік аймағынан келген өнерпаздар «Думанды дала» концертінде өнер көрсетті.

Этноауыл аумағы ұлттық ойындарға арналған балалар ойын алаңы, халық музыкасына арналған шатыры, ашық аспан астындағы көшпелі Өркениеттер мұражайы, спорттық іс-шаралар мен ұлттық тағамдар, басты сахнасы, аймақтардың этникалық қоныстары, қолөнершілері және Шығыс базары бар үлкен қала іспетті.

— Ұлттық нақышта жасалған ауылда тек қазақ халқының ғана емес, түгел түркінің, барша



**World Nomad games – бұл қазақ елінің тарихын, бұрынғы салт-дәстүрлерін ғана емес, барлық түркі елдерінің салт-дәстүрін қайта жаңғыртып, барша әлемге таныстыру үшін жасалған қадам. Бұл ауқымды шараға атсалысу – біз үшін зор қуаныш.**

көшпенді халықтардың мәдениеті мен ұлттық әдет-ғұрпын сезінуге болады. Мұндай фестиваль жылда ұйымдастырылса да артық болмайды. Көшпенділер ойынын тамашалауға келген туристер де көп екен. Бәрінің жүзінен ерекше бір жылылық еседі. Қонақжай халқымыздың өнері мен мәдениеті оларды қатты қызықтыра-

тыны байқалады, — деді Семейден келген Арман Есіркеп.

Шығыс базарындағы «Шеберлер ауылында» еліміздің түкпір-түкпірінен келген 200-ден астам қолөнер шеберлері өздерінің бірегей бұйымдарын таныстырып, шеберлік құпияларымен бөлісіп, қонақтарға зергерлік өнер, былғары өңдеу және керамикалық мүсін жасау бойынша шеберлік сабақтарын ұсынды. «Балалар алаңында» балаларға арналған түрлі ойын-сауық және алтыбақан манында ұлттық сайыстар ұйымдастырылды. Ән мен биден шашу шашылып, күмбірлеген күй әуелеп, мерекенің көрігі қыза түскен. Құралайды көзге атқан мерген,

тартар көріністі тамашалап, облыстық өлкетану мұражайының меңгерушісі Альфия Нұрланқызын әңгімеге тарттық.

— Берел, Шілікті, Елеке сазынан, көшпенділердің мәдени тұрмысынан көрініс беретін, бірегей алтыннан жасалған дүниелерді алып келдік. Келген қонақтарға шығыс өңірінің тарихы бай, тереңде екенінен мол мағлұмат бермекпіз, — деді Альфия Нұрланқызы.

Сарыарқаның сайын даласын бес күн дүбірге бөлеп, күллі әлемнің назарын аударған тарихи шараның жабылу салтанатында ашық аспан астында «Ұлы дала үні» гала-концерттері ұйымдастырылды. Ізгілік пен мейірімділік, достық пен татулық, ұлттық болмыс пен салт-сана, қазақы мәдениет пен ұлттық руханиятымыздың мәйегін ұсынып, құндылығын

дәріптеген этноауылды қазақ ауылы деп атайықшы дейді журналист Көсемәлі Сәттібайұлы.

— «Көшпенділер ойындарын көріп жүріп басымға келген ой, этно – көне грек сөзі. «Ұлт», «тайпа», «нәсіл» деген ұғымды білдіреді. Ендеше біз неге кіл киіз үйлерден тұратын ауылды «қазақ ауылы» демейміз? Неге көне грек тіліндегі «этноға» жабысып қалдық? Көне грек тілін тірілкенше, неге қазіргі қазақ тілін тірілпейміз? Дұрысы, тіліміз бен ділімізге, жанымызға (рухымызға) жақыны «қазақ ауылы» емес пе?

«Бала кезімде біздің ауылдың адамдары көктемнің соңғы айының ортасынан бастап Талас өзенінің жағасына көшіп, жаздай киіз үйлерде отыратын. Әр үйде бір-бір киіз үй бар болатын. Тұрмыстары жақсылар, тіпті аппақ киіз үйінің қасынан кішілеу қара киіз үй тігетін. Ол ас үйдің міндетін атқаратын. Сол жайлаудағы мекенжайымызды біздер «Киіз ауыл» деуші ек. Бұл – 1965-1970 жылдар. Кейін Кеңес өкіметі сол дәстүрді «ескіліктің сарқыншағы» деп құртып тынды. Сондықтан ба



аузымен құс тістеген жүйрік, күмбірлеген күй, шырқалған ән, айтыс, емен-жарқын әңгіме барлығы бар. «Көшпенділер Әлемі» этноауылында Шығыс Қазақстанның облысының киіз үйінде патшалар жазығы Берел қорғанынан, Елеке саздың қазба жұмыстарынан табылған құнды жәдігерлер қойылыпты. Ерекше көз

маған «этноауыл» дегеннен гөрі «Қазақ ауылы», «Киіз ауыл» деген сөз жаныма сондай жақын естіледі. Ал «Этноауыл» — көне грек сөзі мен қазіргі қазақ сөзінің қосындысы. Оның тілімізді шұбарлағаннан басқа пайдасы жоқ», — дейді журналист.

Бұл да бір есте жүретін есті ескерту сияқты...






## AIQYN-LIVE

14 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

## КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫ КҮНДЕЛІГІ



# ДҮБІРЛІ ДОДАДА ДЕС БЕРМЕДІК

**Қазақстан ұлттық құрамасының спортшылары Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының бесінші күнінде де көш бастап, алдыңғы қатардан көрінді. Қатысушылар бес алтын, жеті күміс, екі қола медаль жеңіп алды. 89 елдің спортшылары бәсекелескен спорттық жарыс кеше өз мәресіне жетті. Спортшылар соңғы жарыс күні бәйге, теңге ілу, құсбегілік, ордо және мангаладан сайысқа түсті.**

## А Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

### ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАНЫҢ НӘТИЖЕСІ ЗОР

12 қыркүйек күні спорттың 8 түрінен сайыс ұйымдастырылды. Оның ішінде «Қазанат» ипподромында көкпардан алтын сарапқа салынды. Бірінші таймда қырғыз көкпаршылары 3:1 есебімен алда болды. Екінші кезең басталғанда Қазақстан құрамасы қатарынан 2 салым, есепті теңестірді. Есеп бойынша, екінші кезең тең ойынмен, яғни 4:4 есебімен аяқталды. Қосымша берілген 10 минутта команда капитаны Құрманбек Тұрғанбек салым салып, 5:4 есеппен қазақ көкпаршылары жеңімпаз атанды. Айта кетейік, Ресей көкпаршылары Дүниежүзілік көшпенділер ойынының қола жүлдегері атанды. Үшінші орынға таласта ресейлік шабандоздар Түркияны 8:2 есебімен жеңді.

Ал қырғыз халқының ұлттық ойыны көк бөриден Қырғызстан командасы Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының чемпионы атанды. Финалда Қазақстан мен Қырғызстан құрамалары кездесіп, бақ сынасқан еді. Нәтижесінде, 10:4 ұпаймен Қазақстан командасы есе жіберіп, Қырғызстан командасы «алтын» жүлдесін қанжығалады. Ал қазақстандық шабандоздар көк бөрі ойындарында күміс жүлдені иеленді.

Ат спортына жататын ойынның бірі – теңге ілу. Бұл ежелден келе жатқан көне ұлттық ойын. Биылғы

көшпенділер ойынында теңге ілу сайысына 13 мемлекеттен 31 спортшы қатысты. Жарыстың бесінші күнінде теңге ілудің «Бес белес» стилінен алтын жүлде қазақстандық спортшы Бекнұр Серіковке бұйырды. Екінші орынға монғол спортшысы Айболат Ұнатқан жайғасса, үздік үштікті қырғыз Әділбек Кенжебекулы түйіндеп отыр. Ал жарыстың соңғы күні спортшылар «қос құлаш» бойынша бақтарын сынады. Нәтижесінде, «қос құлаш» бойынша Рахат Қамбаров алтын медаль жүлдегері атанса, Бақыт Төлтай «жеті құс» стилінен алтын жүлдеге ие болды.

Сонымен қатар V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарындағы Қазақстан құрамасы мангала ойыны бойынша қорытындыны жақсы нәтижелермен аяқтады. Биғали Зкриев пен Құндыз Есіркеп алтын жүлде тұғырынан көрінсе, Айкерім Куанышбекова мен Азамат Қайдаров қола медальға қол жеткізді.

Этноауыл маңында өткен бәйгеге барлығы 27 шабандоз қатысты. Соңғы айналымда 7 ат қана қалды. Ойын жеті түрлі шақырым қашықтықта өтті. Қазақстандықтар бұл жарыс түрі бойынша 11 медальға ие болды. Соңғы екі күнде өткен 18 шақырым қашықтықтағы топ бәйгеге сынға түскен сәйгүліктер арасында жүлделі орындар Қазақстан жүйріктеріне бұйырды. Мәре сызығын бірінші болып Бақтыбай Сержанның Холлибой сәйгүлігі кессе, екінші болып Арнат Мұратханның Зымыран жүйрігі мәреге

жетті. Ал 25 шақырымға жалғасқан аламан бәйгеге де қазақстандық үш тұлпар жүлделі орындарды иеленді. Мәре сызығын бірінші болып Аңсар Арыстанбектің «Айқабак» жүйрігі кесті. Хамза Аманкелдінің «Жұмыртқаяқ» тұлпары екінші болып келсе, қырғызстандық Нұрел Элесов «Қара қыз» сәйгүлігімен үштікті түйіндеді. Қазақстан қоржынында бір алтын, бір күміс бар.

«Арғымақ» ат-спорт кешенінде дәстүрлі садақ ату жарысы өз мәресіне жетті. Командалық сайыста Қазақстан құрамасы Аустралиядан келген садақшылардан 2:3 есебімен



жеңіліп, күміс жүлдеге ие болды. Садақшылар көшпенділер ойындарын бір алтын, екі күміс, бес қола жүлдемен аяқтады. Одан бөлек, Жақсылық Үшкемпіров атындағы Жекпе-жек сарайында татар халқының көне ұлттық белбеу күресі көрәштен ерлер арасында төрт салмақ дәрежесі бойынша өткен жарыста Біржан Шаймерденов (90 келі) алтын жүлде алса, Әділет Шалғынбекұлы (64 келі) мен Нұрәулет Жарылғапов (100 келіден жоғары) күміс жүлдеге ие болды. Бекнұр Бектай (75 келі) қола жүлде алды.

«Алау» мұз сарайында өткен түрік халқының ұлттық күресі ашыртмалы аба гюрешінен бес салмақ дәрежесі бойынша жарыс өтті. Қазақстандық үш бірдей спортшы күміс жүлдеге ие болды. Олар Ернұр Сүлеймен (60 келі), Әділет Ахметғали (70 келі), Айдос Ғалымов (90 келі).

Батыс Африка халықтарының зияткерлік ойыны овариден жарыс «Думан» қонақүйі және спорт кешенінде өтті. Бәсекеде қазақстандық Әсел Далиева алтын жүлде алса, Ансаған Қожанәсіп қола жүлде иеленді.

### КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚҰСБЕГІЛЕРІ

Құсбегілік – көшпенділер өмірінен берік орын алған өнер және қазақтың қанына сіңген көне дәстүр. Бұл алдыңғы төрт Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының бағдарламасына енген еді. Яғни, аталған спорт түрі бойынша Астана төрінде дода тарихындағы алғашқы жүлдегерлер анықталды. Құсбегілік көшпелі халықтардың дәстүрі, мәдениетімен астасып жатыр. Сондықтан ойындағы басты талаптың бірі – саятшылардың киімі құсбегілік талаптарына сай келуі керек. Сай келмеген жағдайда ұпай шегеріледі. Іріктеу және финалдық кезеңдері этноауылда өтіп, мәресіне жетті. Ұлттық құрама спортшылары бүркіт, қаршыға және сұңқар салудан бәсекеге түсіп, ел қоржынын тағы да жүлделі орындармен толықтырды.

Дүбірлі додада «Құсбегілік» ұлттық спорт түрінен жарыстар бүркіт салу, қаршыға салу және сұңқар салу атты үш түр бойынша өтті. Екі күн қатарынан өткен жарыс тартысты доданың қорытындысы бойынша ұлттық

құрама құсбегілері 2 алтын, 1 күміс, 3 қола медальді қанжығаларына байлады.

Атап айтқанда, «Ителгі салу» бойынша алтын және күміс жүлделері қырғызстандық Бақыт Шамұратұлы мен Түгелбай Әбдіқадыровқа бұйырса, қола медаль иегері болып ұлттық құрама мүшесі Бақдәулет Бабажан атанды.

«Бүркіт салу» санатында бірінші орынды ұлттық құрама мүшесі Серікбек Құнтуған Алғыр құсымен иеленді. 2 жаттығу бойынша өткен тартысты бәсекеде екінші орынға Заңғар құсымен Ерзат Байқадамов шықса, қола медальді құсбегі Арман Қошқаров «Нарын» атты бүркітмен еншіледі.

«Қаршыға салу» санаты бойынша бірінші орынды Найзатұяқ құсымен астаналық Құдайберген Рауілұлы жеңіп алса, екінші орынға Қырғызстан спортшысы Адильбек Құдайбердиев Қарамоншақ құсымен жайғасты. Ал ұлттық құрамамыздың тағы бір спортшысы Бағдат Кеуенов Сомбалас қаршығасымен қола медаль иегері атанды. Айта кету керек, жаһандық жарыста құсбегілік спорт түрі бойынша 10 мемлекеттен 42 спортшы қатысты. Отандық 9 құсбегі ел намысын қорғады.



«Сарыарқа төрін апта бойы дүбірге толтырған көшпенділер ойынында құсбегілеріміз ерекше ойын өрнегін көрсетті! 9 медальдің 6 түрін отандық құсбегілер олжалады. Атап айтқанда, 2 алтын, 1 күміс, 3 қола медальді жеңіп алдық. Дәстүрлі медальдар мен қаржылай сыйлықтан бөлек, бүркітшілер сайысында топ жарғандарға біздің федерация демеушілер есебінен екі бірдей көлік және қосымша ақшалай сыйлықтар табыс етті. «Спорттың басты миссиясы – халықтар достығын нығайту» деп Президентіміз атап өткендей, көшпенділердің бірлігі арта берсін», – деді Республикалық Құсбегілік федерациясының президенті Берік Уәли.

Төрткүл президент көз тіккен V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны өз мәресіне жетті. 21 спорт түрінен тартысқа түскен 89 ел спортшыларының ішінде ұлттық құрама спортшылары көш бастап, ойынды 114 медальмен аяқтады. Қазақстан үлесіне 43 алтын, 34 күміс, 37 қола бұйырды.



**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Абзал АЛТЫНСАЙҒЫЛЫ – Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы  
Сағхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы  
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aikyn@gmail.com

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

**ТАРАУЛЫМЫ: 40 000**

**Тапсырыс №4496**  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,